№11 (296).
17 сәуір,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



«АРАМЫЗДА ЕШҚАНДАЙ ТҮЙТКІЛ ЖОҚ»

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмазбен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге алғаш рет сапармен келген Джевдет Йылмазға ілтипат білдіре отырып, бауырлас Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі екеніне назар аударды.

– Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Қазақстан Премьер-министрі және Түркия Вице-президентінің тең төрағалығымен өткен Үкіметаралық комиссия қорытындысы екі елдің сан қырлы әріптестігін одан әрі жандандыра түсетініне сенім білдірді.

Джевдет Йылмаз қазақ елінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, Түркия көшбасшысы Қазақстанға мемлекеттік сапарына және Түркі мемлекеттері ұйымының Түркістандағы бейресми саммитіне ерекше мән беріп отырғанын мәлімдеді.

– Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру аясында жаңа ғана Премьер-министр Олжас Бектенов мырзамен бірге Үкіметаралық сауда-экономикалық комиссиясының 14-отырысын өткіздік. Оның қорытындысы бойынша түрлі саладағы нақты шараларды іске асыратын бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл құжат алдағы кезеңге арналған сауда-экономикалық ықпалдастығымыздың жол картасына айналады, – деді Түркия Вице-президенті.

Джевдет Йылмаз жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы осы тарихи сәтте бауырлас түрік халқының қолдауын сезінгенін, Түркиядан келген байқаушылар референдумға ерекше атсалысқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, энергетика, логистика, агроөнеркәсіп кешені, білім және туризм салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Akorda.kz

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

Жәрменов негізгі деп саналатын мақалаларының көбінде дерлік туған халқына қоса туысқан қырғыздардың да мәселесін назарынан тыс қалдырмайды. Бұл оның Алаш бірлігін тереңнен ойлап, әрдайым есте ұстайтынын көрсетеді. Өткен мен бүгінгінің арасын ойша жалғайтын болсақ, бүгінде түбі бір түркі тектес халықтар көтеріп отырған Тұран бірлігі идеясы сонау жиырмасыншы жылдары нақты сөз бола бастағанын көреміз. Сол мәңгілік маңызды деп санауға толық болатын идеяны белсенді қолдап, насихаттаушылардың бірі – біздің Жәрменов. Бұл пікірімізге де дәлел бола алатын нақты мысалдар жетерлік. Соның бірі, мәселен, мына төмендегідей. Бұл енді ақ жарылып айтқанда, Алты алаш, Тұран бірлігі деп саналатын әлемнің шеңбер-шегінен шығып та кететін қозғалыс, ұмтылыс десе де артық емес. Біздің айтып отырғанымыз 1923 жылы «Ақ жол» газетінде (№314, 27 май) жарияланған "Студенттерге жәрдем керек" деп аталатын мақала. Оған Түркістан республикасының сол тұстағы Денсаулық халық комиссары Асфендияров, ақын Жұмабаев және басқалар қол қойған. Қысқа қайырғанда жалпы мазмұны мынадай. Төлеу сөз ретінде баяндап өтейік. 1922 жылы Түркістан республикасы Германияға бес қазақ жігітін оқуға жіберген екен. Арада біраз уақыт өткенде сол студенттер қаржыдан қысыла бастайды. Тез арада соларға көмектесу керек. Бұл іске әр облыстан бірнеше сенімді, кісілерді тартып, қаржы жинауға болар еді. Мысалы, бұндай істі Шымкенттен Жәрменов тындыра алады. Хош дейік. Бұған не қосуға болады? Бір нәрсе анық, ол – қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздары Санжар, Мағжан және басқалар ел-елдегі іскер, ұлтжанды азаматтар қатарында Темірланның тумасы Елемес Жәрменовке сенім артып отыр. Өйткені олар оның оқу, білім жолында жемісті жұмыс атқарып жүргенін жақсы біледі.



Елемес Жәрменов

6-бетте »

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

КӨРМЕС ТҮЙЕНІ ДЕ КӨРМЕС, *немесе ҚАШҚАН ТӨРАҒА, ҚУҒАН ӘДІЛЕТ!*

Газетіміздің өткен санында Түркістан облысында аудандық, облыстық ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау жұмыстары әдеттен тыс айқай-шумен, арыз-шағыммен жалғасып жатқанын жария еткен болатынбыз. Осы жағдай халықтың қалыпты көңіл-күйін алаңдатып, оның себеп-салдарын білуге ұмтылыс білдіріп, әлеуметтік желі мен газет беттерінен шындыққа көз жеткізуге деген ықыластарын байқатты.



Мұндай жағдайдан тыс қалмайтын халықтың шындыққа деген талабын орындауға ұмтылыс жасайтын «Әділет рухани жаңғыру» газеті бірнеше мақалалар жазып, «Шыңғырып тұрған шындыққа көңіл бөлсеңіз», «Марапат пен мақтану – адасу» және «Балық басынан суиды» деген сын материалдарын жариялап, «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, сын мақаланың көк сүмбесі ардагерлер ұйымының облыстық төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов пен республика ардагерлер ұйымының төралқа төрағасы Бақытқожа Ізмұхамбетовке қатаң қадалған еді.

Негізгі дауласу әділетсіздікпен өткен есеп беру-сайлауларымен, ардагерлер пікірімен санаспай аты аталған Ж. Мәуленқұловтың жүгенсіздігі, бетімен кеткен дөрекілігі, жасы сексеннің сеңгіріне жетіп, «мылжың» сөзбен тыңдаушы ардагерлерді мезі қылғаны, «қолының таза еместігі», таныс-біліс сыбайластыққа жол бергендігі, басшыға жағымпаздық жасап, өрескел мінез танытқаны сын мақалаларда атап көрсетіліп, көпшілік талқысына түсіп, әділ шешім айтылуы керек екеніне ардагерлердің үлкен үмітпен қарағандығы, оның шешімін айтуды төраға Бақытқожа Ізмұхамбетовтен күткендері, бірақ оның да халық айтқандай «сау сиырдың жапасы емес» екені ардагерлерді қатты ойландырды. Оны мына көріністен толық аңғардық.

2026 жылы 10 сәуірде Түркістан қаласында Қазақ-Түрік университетінің «Сенат» мәжіліс залында өткен Түркістан облысы ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау жиналысына келіп қатысып, арыз арқалап алыстан келген ардагерлермен кездесіп, сұхбаттасып мәселенің ақ-қарасын анықтап шешіп кетудің орнына, олардан шын мағынасында «қашып», жасырын есіктен жасырынып кіріп, «ноқталанған бұзаудай» Жеңісбектің жетегінде кетіп, тілшілермен тілдесуден басын ала қашып, лауазымына лайықсыз мінез танытты. Ардагерлердің анықталуға тиісті деген талабы аяқсыз қалып, дау-дабырасы мемлекет басшысына дейін баратыны байқалды.

Алдағыны алыстан байқайтын ардагерлер қауымы Б. Ізмұхамбетовтің көргенсіздікпен көрсеткен мінез-құлқы, **халық депутаты** бола тұрып, халық бетіне тура қараудан қашуы, кісілік келбетінің **кірленгені** деп түсіндік. **Ұятсыз** жанға араша түсемін деп, халық бетіне қараудан қашуы, депутаттық мандаттың мән-мағынасын түсінбей, азаматқа артар ауыр жүгін сезінбей жүрген **«кездейсоқ»** кездескен жан екенін байқатты.

Бір жағынан мәжілістегі депутаттық мандатының аяқталуына аз күн қалғандықтан қадірін қашырып тұрғандығынан болып тұр деуге болады.

Халықта «сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген тәрбиелік сөз бар. Біз Ізмұхамбетовтің сырын білмей, биік лауазымды иеленіп, биікте жүргендігін ескеріп, ардагерлер қауымдастығындағы басшылығын сенімге селкеу түсірмей келе жатыр деп түсініп, оның атына газетіміздің бетінде біршама қолпаштау сөз айтқанымызға оқырманнан кешірім сұрауға мәжбүр болып отырмыз.

Қазақта «бақ тауып қонады немесе ауып қонады» деген тәмсіл сөз бар. «Тауып қонса, абыройың асқақтап, мәртебең таудай биіктейді, адасып қонған бақ абыройсыздықпен аяқасты болып аяқталады» деген халық даналығы еріксіз еске түсіп тұр. Жеңісбектің жемісі пісіп, Мәуленқұловтың мәуесі жерге түсіп тұрғанда, араша түсіп абыройсыз болу адасудың алды болса керек.

Редакция алқасы



ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛЫ БОЛҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІН ОТБАСЫЛАР КӨБЕЙІП ЖАТЫР

2-бетте »

Ақын мен коммерсант

4-бетте »





ҒЫЛЫМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РОЛІ

ЕҰУ-де халықаралық форум аясында талқыланды

8-бетте »

adilet-gazeti.kz



БІТІРУ КЕШІ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ДАУ: АЙМАҒАМБЕТОВ МҰҒАЛІМДЕРДІ ҚОРҒАДЫ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов мектеп бітіру кешін өткізу мәселесі жыл сайын көтерілетінін айтып, оның түпкі проблемасы шешімдердің орындалмауында екенін мәлімдеді.

Депутаттың айтуынша, бұл тақырып жаңа емес. Әр жылдары білім саласын басқарған бірнеше министрдің тұсында да мектеп бітіру кешіне қатысты шектеулер енгізіліп, түрлі ұсыныстар айтылған. Алайда мәселе нақты бақылау мен талаптың орындалуына келгенде әлсіздік байқалады.

– Бұл мәселе бұрын да талай рет көтерілген. Әртүрлі министрлер кезеңінде шешімдер қабылданды. Бірақ ең бастысы – сол шешімдердің іс жүзінде қалай орындалып жатқаны. Өкінішке қарай, бұл – жыл сайын қайталанатын тақырып, – деді ол.

Аймағамбетов ерекше назар аударған мәселенің бірі – мұғалімдерге түсетін артық жүктеме. Оның пікірінше, мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру педагогтердің міндетіне кірмейді.

– Кеш өткізуге тыйым салынса да, ең маңыздысы – мұғалімдерді оған араластырмау. Бұрын мұғалімдерді тойханаларға барып, балаларды күзетуге дейін жұмсайтын жағдайлар болған. Бұл дұрыс тәжірибе емес, – деді депутат.

МҰҒАЛІМГЕ ЖҮК АРТЫЛМАУЫ ТИІС

Ол мұғалімдердің түн ортасына дейін жауапкершілік арқалап жүруі заң тұрғысынан да, кәсіби тұрғыдан да негізсіз екенін атап өтті. Сондықтан бұл мәселеде негізгі жауапкершілік ата-аналарға жүктелуі тиіс.

– Мұғалім түнгі уақытта тойхананы бақылап жүруге міндетті емес. Балалар мектеп бітіргеннен кейін олардың қауіпсіздігі мен тәртібіне ата-аналар жауап беруі керек. Неге бұл жауапкершілік мұғалімге артылуы тиіс? – деді ол Мәжіліс кулуарында.

Сонымен қатар депутат мұғалімдер ешқашан ата-аналарды артық шығынға итермелемейтінін жеткізді. Керісінше, педагогтер мектеп қабырғасында қарапайым форматтағы шараларды қолдайды.

– Лимузин жалдау, қымбат мейрамхана таңдау – мұғалімнің талабы емес. Бұл – ата-аналардың өз шешімі. Мұғалімдер әрдайым қарапайым әрі қауіпсіз форматты ұсынады, – деді Аймағамбетов.

Осылайша, депутат мектеп бітіру кешіне қатысты негізгі ұстаным – мұғалімдерді артық міндеттен босатып, жауапкершілікті ата-аналарға нақты жүктеу екенін атап өтті.

Айта кетейік, бұған дейін Оқуағарту және Ішкі істер министрліктері мектеп бітіру кештерін ұйымдастыруға болмайтынын ресми түрде мәлімдеген болатын.

Амангүл ТІЛЕЙҚЫЗЫ

ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛЫ БОЛҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІН ОТБАСЫЛАР КӨБЕЙІП ЖАТЫР



Кейінгі жылдары халық саны, демография тақырыбы қозғалғанда 20 миллионнан асқанымызды мақтанышпен айтамыз.

Әйтсе де, міне, 5 жылға жуық уақыт өтті, елде туу көрсеткіші үздіксіз төмендеп барады. Бұндай қарқынмен 25 миллиондық межеге жету 2050 жылдары да қиынға соғуы мүмкін.

Жалпы, Қазақстанның демографиялық дамуы 3 кезеңнен тұрады. Біріншісі, экономикалық дағдарыс уақыты, 1991-1999 жылдар аралығында халық саны 1,3 миллион адамға азайды. Ата жұртын аңсағаны, басқасы бар, 2,6 млн адам шекарадан асып кетті. Қысқаша айтқанда, табиғи өсім 1991 жылғы 218,8 мыңнан 1999 жылғы 72 мың адамға бір-ақ түсті.

Биыл ақпанда қазақстандықтардың саны 20,5 миллионнан асқаны жария болды. Ал туу көрсеткішінің шарықтау соңғы рет 2021 жылы тіркелді. Сол жылы елімізде жарты миллионға жуық, 445 875 сәби дүниеге келген. Одан кейін рекордты қайталау түгілі, кері кетушіліктің қарқыны күшейді.

Мәселен, 2022 жылы – 404 мың, 2023 жылы – 388 мың, 2024 жылы – 366 мың, 2025 жылы 335 мың сәби көзін ашқан. Былтырғыдай көрсеткіш кейінгі 15 жылда болмаған. Бұл құбылысты демограф Аяулым Сағынбаева халықтың табиғи қозғалысындағы және миграциялық процестердегі өзгерістерімен ұштастырады.

– Елде туу деңгейінің тұрақты төмендеу кезеңі енді басталды. 2020 жылдары туу деңгейінің осылай төмендейтінін болжаған едік. Бірақ пандемия жылдарында бала туу саны ешкім күтпеген жерден көбейді. Әдетте пандемия кезінде неке деңгейі төмендеп, ажырасу артатын. Былтыр жалпы туу коэффициенті репродуктивті жастағы бір әйелге 2,57-ден келіп, алдыңғы жылдармен салыстырғанда 0,23 пайызға азайды, – деді маман.

Бір елдің аумағы демесеңіз, Қазақстанда аймақтардың отбасыға, балаға көзқарасы, дәстүрі әртүрлі. Сол баяғыдай солтүстік пен шығыстағы облыстарда көрсеткіш азайған үстіне азайып жатыр. Әйтсе де, бұрыннан белсенді оңтүстік және батыс өңірлердегі процестерде де кері өзгерістер байқала бастаған.

Былтыр туудың ең жоғары коэффициенті Түркістан (1000 тұрғынға 22,22 адам), Маңғыстау (21,40) облысында және Шымкент қаласында (21,76) тіркелді. Енді осы тұста салыстырайық. Түркістан аймағында былтыр 47 813 сәби дүние есігін ашса, 2021 жылы 65 002 бала болған. Яғни, көрсеткіш 4 жыл аралықтың өзінде 26,4 пайызға азайып отыр.

Ал солтүстіктегі көрсеткіш тіпті бөлек. Солтүстік Қазақстан облысында былтыр небәрі 4653 сәби туған, жаңадан құрылған, болашағына үміт зор делінген Ұлытауда 3560 ғана. Жоғарыда біз сынап отырған Түркістан облысынан 10 еседен астам аз.

Демографияда жалпы репродуктивті жастағы әйелдер деген түсінік бар. Яғни, бала тууға жарайтын жастағы әйелдерді меңзегені, бір сөзбен айтқанда, 49 жасқа дейінгілер. Бірақ мамандар елімізде осы санатқа жататын әйелдердің де азайып жатқанын алға тартады.

Мәселен, 2025 жылы дүниеге сәби әкелген ананың орташа жасы – 29,9, ал алғаш рет босанған аналардың жасы – 25,3 жас. Дегенмен басқадан бұрын туу көрсеткішіне қатысты өзгерістердің әлеуметтік себептер де бар. Қазір жастар бұрынғыдай тым ерте отбасын құрмайды, әйелі оқиды-тоқиды, мансабын жетілдіреді. Бұл – бір. Екіншіден, қалалану процесі артқан сайын жастардың өмір сүру салты да құбылады.

Үшіншіден, балалы болуды қаламайтын отбасылардың үлесі көбейгендей. 2024 жылы қазақстандықтардың 3,9 пайызы сәби сүйгісі келмейтіні жөнінде деректер шықты. Ал онсыз да баласы барлардың 51,3 пайызы қайтадан бала сүюді қаламайтыны айтылған. Жастардың 11,3 пайызы бір баламен шектелсе, 13 пайызы 2 баланы құп көреді. 9,1 пайызы 3 балаға ұмтылса, 10,5 пайызы ғана көпбалалы отбасы болуды қалайды.

Бірақ "қара бұлт төндіріп", жағдайды толық негативті тұстан бағалауға болмайды. Кез келген елдің демографиялық жайы тұрақты болуы үшін әр әйелге шаққанда бала саны 2,1-ден кем болмауға тиіс. Рекорд тіркеген 2021 жылы бұл көрсеткіш 3,32 болды. Былтыр – 2,57.

Демограф Шынар Пазылбекқызының айтуынша, ең төмен деңгей 1999 жылы тіркелген, сол жылы туу көрсеткіші елімізде бір әйелге 1,80 бала болыпты. Тәуелсіздіктен кейінгі 1990-жылдардағы дағдарыс отбасылардың бала жоспарлауын кейінге қалдырды, өйткені халықтың болашаққа сенімі аздау, материалдық жағдайы нашар еді.

– Қазақстанда 2000-жылдардың басынан бастап әлеуметтік-экономикалық жақсару жүрген уақытта туу көрсеткіші де жоғарылай бастады. Сондықтан елімізде саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс болмаса, туу деңгейі күрт төмендей қоймайды. Екіншіден, еліміздің өңірлеріндегі туу деңгейі әртүрлі. Оңтүстік, батыс өңірлердегі дәстүрлі түсінік, көпбалалы болу тенденциясы жоғалмаса, туу деңгейі төмендей қоймайды, – дейді Шынар Пазылбекқызы.

Расын айтқанда, елімізде отбасылардың баланы басты құндылық деп есептеуі, отбасын құрғаннан кейін балалы болуға ұмтылуы әлі жалғасып келеді. Соған қарамастан, көрсеткіш төмендей беретіні анық секілді. Өйткені құндылықтар жыл сайын басқа арнаға бұрылып келеді.

Хақназар ЖАЛҒАС

ҮШ БАЛАНЫҢ ӨМІРІН ЖАЛМАҒАН ӨРТ: ДЕПУТАТТАР ДАБЫЛ ҚАҒЫП, ҚАТАҢ ШАРА ҰСЫНДЫ

Елордада болған өрт қоғамда үлкен резонанс тудырды. Астанадағы қайғылы өрт тек бір отбасының трагедиясы ғана емес, елдегі өрт қауіпсіздігі жүйесінің әлсіз тұстарын көрсетті. Осы оқиғадан кейін Мәжіліс депутаттары мәселені көтеріп, кешенді өзгерістер қажеттігін мәлімдеді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



ОҚИҒА ҚАЛАЙ БОЛДЫ?

Алдын ала мәлімет бойынша, 12 сәуірге қараған түні өрт кешкі уақытта көпқабатты тұрғын үйдің 15-қабатындағы пәтерден шыққан. Төтенше жағдайлар қызметіне хабар түскен соң құтқарушылар оқиға орнына жедел жеткен.

Өрт сөндірушілер келген кезде пәтерді жалын толық шарпыған. Құтқару жұмыстары барысында күйік алған әйел сыртқа шығарылып, жедел жәрдем қызметіне тапсырылған. Ол ауруханаға жатқызылды.

Сондай-ақ оқиға орнынан үш кәмелетке толмаған баланың көз жұмғаны анықталды. Сонымен қатар, құтқарушылар жоғары қабаттардан тұрғындарды эвакуациялап, ондаған адам өз бетінше сыртқа шыққан.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, ауладағы ретсіз қойылған көліктер мен жабық кіреберістер өрт сөндіру қызметінің жұмысына кедергі келтірген. Қазіргі уақытта өрттің нақты шығу себептері анықталып жатыр.

Өздеріңізге мәлім, өрт сөндірушілердің жолына кедергі болған көлік иесіне айыппұл салынды.

ДЕПУТАТТАР НЕ ДЕЙДІ?

Бұл қайғылы жағдай Мәжілісте де көтерілді. Депутаттар өрт қауіпсіздігі жүйесінің әлсіз тұстарын, сондай-ақ жедел қызметтердің оқиға орнына дер кезінде жете алмау мәселесін ашық айтты.

Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков Премьер-министрге депутаттық сауал жолдап, соңғы төтенше жағдайлар елдегі өрт қауіпсіздігі мен жедел қызметтердің қолжетімділігі жүйесін шұғыл қайта қарау қажет екенін мәлімдеді.

Оның айтуынша, соңғы төтенше жағдайлар көрсеткендей, Қазақстанда өрт қауіпсіздігі жүйесі мен жедел қызметтердің оқиға орнына жету мүмкіндігі шұғыл қайта қарауды талап етеді. Бүгінде адамдар тек өрттің өзінен емес, өрт сөндіру көлігі, жедел жәрдем немесе басқа да қызметтердің дер кезінде жете алмауынан да қаза табуы мүмкін.

Депутат мәселе тек тұрғын үйлерге ғана емес, жеке секторға, коммерциялық нысандар мен адамдар көп жиналатын орындардың барлығына қатысты екенін атап өтті.

– Жабық аулалар, ретсіз тұрақ, істен шыққан гидранттар, өртке қарсы құралдардың болмауы және басқарушы ұйымдардың формалды бақылауы - мұның бәрі адамдардың өміріне тікелей қауіп төндіреді, – деді ол.

Оның мәліметінше, 2025 жылы Қазақстанда 93 мыңнан астам өрт және авариялық-құтқару жұмыстары тіркелген. Оның шамамен 62 пайызы тұрғын секторға тиесілі.

Осыған байланысты депутат Үкіметке нақты ұсыныстар жолдады:

– төтенше қызметтерге арналған арнайы Fire Lane жолақтарын енгізу;

– құтқарушыларға кедергі келтіретін көліктерді, шлагбаумдар мен қақпаларды бұзуға құқық беру;

– өрт қауіпсіздігі жүйесіне цифрлық бақылау енгізу;

– мүлікті міндетті сақтандыру механизмін қарастыру.

– Секундтар шешуші рөл атқаратын кезде шлагбаумдар мен көліктер адам өміріне қауіп төндірмеуі тиіс, – деді депутат.

Сонымен қатар Олжас Құспеков мәселенің тек инфрақұрылымға ғана емес, азаматтардың өзіне де байланысты екенін айтты.

Оның сөзінше, аулалардағы бейберекет тұрақ – жүйелі проблема. Көп жағдайда тұрғындар көлікті қалай болса солай қояды, ал бұл төтенше жағдайда ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

– Біз көлікті қоямыз да, оның ертең біреудің өліміне себеп болуы мүмкін екенін ойламаймыз. Бұл мәселе біздің санамызда жатыр, – деді ол.

Депутат арнайы жолақтарға көлік қойғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату қажет екенін айтты. Тіпті мұндай әрекеттер ауыр салдарға әкелсе, қылмыстық жауапкершілікке дейін қарастыруды ұсынды.

Сондай-ақ ол өрт қауіпсіздігін күшейту үшін толық аудит жүргізіп, барлық үйде сигнализация, өрт сөндіру құралдары мен инженерлік жүйелердің жағдайын тексеру қажет екенін жеткізді.

Бұдан бөлек, депутат сақтандыру жүйесін енгізу арқылы азаматтардың жауапкершілігін арттыруға болатынын атап өтті. Оның айтуынша, сақтандыру компанияларының талаптары арқылы тұрғындардың қауіпсіздікке деген көзқарасын өзгертуге болады.

“ПАРКИНГ БОЛМАСА, ОНДА НЫСАНДАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛМЕУІ КЕРЕК”

Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек бұл мәселені құрылыс саласындағы талаптардың жеткіліксіздігімен байланыстырды.

Оның айтуынша, көптеген тұрғын үй кешендері жеткілікті автотұрақсыз пайдалануға беріледі. Соның салдарынан аулалар көлікке толып, арнайы техниканың қозғалысы қиындайды.

– Әрбір тұрғын үйде жеткілікті паркинг болуы тиіс. Егер ол болмаса, мұндай нысандар пайдалануға берілмеуі керек, – деді депутат.

Ол құрылыс нормаларын күшейтіп, әрбір тұрғын үй кешенінде арнайы техниканың еркін кіруіне жағдай жасалуы міндетті болуы тиіс екенін айтты.

Сондай-ақ төтенше жағдайда өрт сөндіру техникасына кедергі келтірген көліктерді эвакуациялауға толық құқық беру қажет екенін атап өтті.

Депутаттың пікірінше, құрылыс компаниялары тұрғын үйді пайдалануға бермес бұрын автотұрақ мәселесін толық шешуі тиіс.

Сарапшылардың айтуынша, Астанадағы бұл қайғылы оқиға өрт қауіпсіздігі, қалалық жоспарлау және азаматтық жауапкершілік мәселелерін қайта қарау қажеттігін көрсетті.

Айта кетейік, өрт 12 сәуірге қараған түні Түркістан көшесінде орналасқан 21 қабатты тұрғын үйде болған. Өрт 15-қабаттағы пәтерден шыққан. Сол сәтте пәтерде отбасы болған.

Оқиға салдарынан үш бала қаза тапты. Өрт сөндірушілер қаза болған балалардың анасын құтқарып, күйік жарақатымен ауруханаға жеткізді. Жоғарғы қабаттардан 20 адам эвакуацияланып, тағы 40-қа жуық тұрғын ғимараттан өз бетімен шыққан.

Бұған дейін аталған өрт салдарынан үш баланың қаза табуына байланысты қылмыстық іс қозғалғаны хабарланған еді.

Сондай-ақ, дәрігерлер үш баласынан айырылған ананың жағдайы ауыр екенін айтты.

Гүлжан РАМАНҚҰЛОВА

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛ БОЛУДЫҢ НЕГІЗІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының Әйелдер қанаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен бірлесіп, «Дарынды балалар – интеллектуалды ұлт негізі: қолдау мен дамытудың заманауи институционалдық экожүйесі» дөңгелек үстел мәжілісін өткізді. Партияның Әйелдер қанаты үйлестіретін «Ғылымдағы әйелдер» бағыты бойынша өткізілген іс-шара 12 сәуір – Ғылым күні апталығына арналды.

Дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту бағытындағы заманауи тәсілдер мен тиімді тәжірибелерді талқылау, осы саладағы институционалдық экожүйені жетілдіру жолдарын қарастыру, сондай-ақ педагогтер мен мамандар арасында тәжірибе алмасу арқылы зияткер ұлт қалыптастыруға бағытталған бірлескен іс-қимылды нығайту мәселелеріне арналған жиынға педагогтар, білім беру ұйымдарының жетекшілері, әдіскерлер және дарынды балалармен жұмыс жүргізетін мамандар қатысты.

Жиынның ашылуында сөз алған облыстық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Қалыйма Жантөреева бүгінгі басқосу тек пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен бірге өніріміздің ертеңіне тікелей әсер ететін стратегиялық бағыттарды айқындайтын маңызды диалог алаңы екенін айтты.

– Түркістан облысы – демографиялық тұрғыдан да, рухани-мәдени әлеуеті жағынан да ерекше өңір. Біздің ең үлкен байлығымыз – табиғи ресурстар емес, адам капиталы. Әсіресе, білімге құштар, ойы ұшқыр, қабілеті жоғары дарынды балаларымыз өңірдің болашағын айқындайтын басты күш. Осы бағытта «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі кеңесінің отырысында бірқатар ұсыныстар көтерілді. Өткізіліп отырған дөңгелек үстел – сол бастамалардың заңды жалғасы. Мұнда біз тек мәселені айтып қана қоймай, нақты шешімдерге жол ашатын заманауи тәсілдер мен тәжірибелерді бірге саралаймыз. Бәсекеге қабілетті ел болудың негізі білімді ұрпақ екені белгілі. Ал білімді ұрпақ өздігінен қалыптаспайды, ол жүйелі ізденіс, сапалы тәрбие және уақытылы қолдаудың нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан дарынды балаларды ерте кезеңнен анықтау, олардың қабілетін дамыту және жан-жақты қолдау көрсету біздің ортақ міндетіміз, - деді Қалыйма Жантөреқызы.

Мәжіліс одан әрі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Жанар Темірбекованың модераторлығымен өтті. Жиында қазіргі заман бізден жаңа көзқарасты талап ететіні, дарынды баланы шығармашылық ойлау қабілетімен, инновациялық идеяларымен, цифрлық сауаттылығымен және әлеуметтік белсенділігімен бағалауымыз қажет екені айтылды. Білім беру жүйесінің жаңа парадигмасы ортақ жауапкершілікті күшейту арқылы түзілетініне баса мән берілді. Бала тәрбиесі мен білім сапасы тек мектептің немесе бір мекеменің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның, ата-ананың, мемлекеттік құрылымдардың және саяси институттардың бірлескен жұмысы екені назарға алынды.

Жиын барысында бейнеконференц режимі арқылы сөз алған «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қостанай облысы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру орталығы директорының орынбасары Жахонгир Гаппаров дарынды балаларды анықтау және қолдау жүйесін жетілдірудің маңыздылығына тоқталды. Дарынды балалармен жұмыс жүргізуде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі шешуші рөл атқаратынын ерекше атап өтті. Осы орайда педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде арнайы бағдарламалар, тренингтер мен әдістемелік қолдауларды күшейту қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша, ұстаздың кәсіби деңгейі неғұрлым жоғары болса, баланың қабілетін ерте тану мүмкіндігі де соғұрлым артады.

Сонымен қатар ол өңірлер арасындағы тәжірибе алмасу, заманауи диагностикалық әдістерді енгізу және жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру арқылы әрбір талантты баланың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау маңызды екенін атап өтті.

Түркістан облыстық білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» мекемесінің атынан сөз алған Азат Амиртаев, аталған орталық, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізімге енген 30-дан астам олимпиадалар мен байқаулардың облыстық кезеңін ұйымдастырып, республикалық, халықаралық кезеңге оқушыларды қатыстырғанын жеткізді. Биылғы оқу жылында мектепшілік білім сайыстарына 368 563 оқушы қатысқанын, бұл облыстағы жалпы оқушылардың 70 пайызын құрайтынын жеткізді.

– 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап облыста 20-дан астам олимпиада мен байқаудың облыстық кезеңдері ұйымдастырылып, оған шамамен 5000 оқушы қатысты. Оның ішінде 2452 оқушы – ауыл мектептерінің оқушылары. Нәтижесінде 280 оқушы республикалық кезеңге жолдама алды, олардың 93-і ауыл мектептерінің оқушылары болды. Айта кету керек, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада Түркістан облысының командасы 2025 оқу жылында тұңғыш рет бас жүлдені жеңіп алып, «Ең үздік олимпиадалық команда – 2025» атағына ие болды, - деді өз сөзінде мекеме өкілі.

Білім олимпиадаларына оқушылардың қатысу көрсеткіштері әр ауданда әрқилы екеніне назар аударған мекеме басшысы, қатысушылар көрсеткіштері төмен аумақтар санатында Арыс, Кентау қалаларын, Төлеби және Шардара аудандарын жекелей атап өтті. Жоғары көрсеткішке қол жеткізген аудандардың тиімді тәжірибесін төмен көрсеткіш көрсеткен аудандарға енгізу, әдістемелік қолдау көрсету және дайындық жүйесін жетілдіру қажеттілігі туралы ұсынысын білдірді.

Сондай-ақ жиын барысында Түркістан қаласындағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры Айдын Тусупжанов сөз алып, дарынды балаларды дамытудағы заманауи білім беру экожүйесінің рөліне тоқталды. Ол өз баяндамасында қазіргі білім беру кеңістігінде дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру – тек мектептің ішкі міндеті емес, ол өңірлік деңгейде қалыптасқан кешенді қолдау инфрақұрылымын талап ететінін атап өтті. Дарынды балаларды анықтауда халықаралық тәжірибеде қолданылып жүрген көпдеңгейлі диагностикалық тәсілдердің маңызына тоқталып, Қазақстан жағдайында да осы бағыттағы әдістемелерді кеңінен енгізу қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша, оқушының тек пәндік білім деңгейін емес, оның зерттеушілік дағдысын, жобалық ойлау қабілетін және командамен жұмыс істеу мәдениетін бағалау – дарындылықты айқындаудың жаңа стандарты болуы тиіс.

Сонымен қатар мектеп директоры педагогтердің кәсіби дамуы мен тәжірибе алмасуының үздіксіз жүйесін қалыптастыру қажеттігін баса айтты. Бұл ретте университеттер, орта білім беру ұйымдары және біліктілікті арттыру орталықтары арасындағы өзара ықпалдастықты күшейту дарынды балалармен жұмыстың сапасын арттыратынын жеткізді. Ол сондай-ақ ауыл мектептеріндегі талантты оқушыларды қолдауға арналған арнайы менторлық бағдарламаларды кеңейту, цифрлық платформалар арқылы қашықтан сүйемелдеу тетіктерін енгізу – тең мүмкіндік қағидатын қамтамасыз етудің маңызды құралы екенін атап өтті.

Жиынды қорытындылай келе, қатысушылар көтерілген барлық ұсыныстар мен бастамалардың өңірлік білім беру саясатын жетілдіруге және дарынды балаларды қолдаудың институционалдық экожүйесін нығайтуға негіз болатынын атап өтті. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Әйелдер қанатының жетекшісі бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын, білім мен ғылымды дамыту, дарынды жастарды қолдау және зияткер ұлт қалыптастыру мәселелері партияның стратегиялық басымдықтарының бірі екенін жеткізді. Әйелдер қанаты бастамашы болған мұндай іс-шаралар өңірдегі әлеуметтік-рухани дамуға серпін беріп, білім беру саласындағы жаңа серіктестіктер мен нақты нәтижелерге жол ашатыны айтылды.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАДІРЛЕЙТІН ЖАС ҰРПАҚ

«AMANAT» партиясы тәрбиелі, рухы биік, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін жас ұрпақ тәрбиелеуге айрықша мән беріп келеді. Партияның «Ұлттық мұра» жобасы осы мақсаттағы маңызды бастамалардың бірі болып табылады.

Аталған жоба аясында Шардара ауданында жасөспірімдер арасында ұлттық спорт түрлерінен командалық турнир ұйымдастырылды. Іс-шара «AMANAT» партиясы Шардара аудандық филиалы жанындағы «Майқала» бастауыш партия ұйымының ұйытқы болуымен өтті. Ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы жастардың бойына рухани құндылықтарды сіңіруді көздеген турнирге «AMANAT» партиясы Шардара аудандық филиалының атқарушы хатшысы Бауыржан Шомпиев, партияның белсенді мүшесі Д. Жұмадиллаев, білім беру саласының өкілдері, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері мен бастауыш партия ұйымының мүшелері қатысып, жастарға қолдау білдірді. Іс-шара партия мен қоғамның бірлесе отырып, өскелең ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті.

Жарысқа 8–10 сынып оқушыларынан құралған 9 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Ұлттық спорт түрлері – асық ату, бес асық, садақ ату, лаңгі тебу бойынша өткен сайыстар қатысушылардың ептілігі мен шапшаңдығын ғана емес, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын да айқын көрсетті. Әсіресе, ұмыт бола бастаған ойын түрлерінің қайта жанданып, мектеп оқушылары арасында кеңінен насихатталуы жобаның басты жетістіктерінің бірі ретінде паш етілді.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы ерекше үлес қосып, ұйымдастыру және төрешілік жұмыстарын кәсіби деңгейде атқарды. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдарының да ұлттық тәрбие ісіндегі белсенді рөлін көрсетті. Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, үздік нәтиже көрсеткен командалар лайықты марапаттарға ие болды. Жарыстың I орынын №3 жалпы білім беретін мектеп командасы иеленсе, II орынды Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы команда, III орынды Б.Соқпақбаев атындағы команда жеңіп алды. Сонымен қатар, Қ.Аманжолов атындағы команда белсенділігі үшін арнайы марапатталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге партия атынан алғыс хаттар, медальдар мен кубоктар табысталды.

Бұл іс-шара «AMANAT» партиясының тек саяси ұйым ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды ұлықтаушы, жас ұрпақ тәрбиесіне жанашыр күш екенін айқындайды. «Ұлттық мұра» жобасы арқылы партия ұлттық спортты дамытуға, жастарды салауатты өмір салтына баулуға және олардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға нақты үлес қосып келеді.

ҚАСИЕТТІ ОРЫНҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Түркістан қаласында «AMANAT» партиясы Түркістан қалалық филиалының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы жалғасын тапты. Бұл жолғы тазалық жұмыстары қасиетті әрі тарихи мәні зор



«Гауһар ана» кесенесінің аумағында өтті. Акцияға 50-ге жуық адам қатысты, оның ішінде қалалық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері мен белсенді жастар ерекше үлестерін қосты. Қатысушылар кесене аумағын қоқыстан тазартып, жолдарды ретке келтіріп, жасыл аймақтарға санитарлық күтім жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде киелі орынның келбеті жаңарып, келушілер үшін қолайлы орта қалыптасты.

«Гауһар ана» кесенесі рухани-тарихи мұра санатында болуымен қатар, емдік қасиеті бар шипалы суымен де танымал туристік нысан. Мұнда жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден келген зиярат етушілер мен туристер легі үзілмейді. Сондықтан мұндай орындардың тазалығы мен күтімі рухани жауапкершілік ретінде қарастырылып отыр. Осы міндетті көздеген «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» бастамасы қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын маңызды жобаға айналды. Акция азаматтардың туған жерге деген жанашырлығын арттырып, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталды.

Партияның Түркістан қалалық филиалының сектор жетекшісі Мая Майданның айтуынша, мұндай бастамалар қоғамның бірлігін нығайтып, тарихи-мәдени нысандарға деген ортақ құрметті арттырады.

- «Гауһар ана» кесенесі Түркістандағы танымал киелі орындардың бірі. Мұнда келушілердің көп болуы оның рухани және туристік маңызын көрсетеді. Сондықтан бұл аумақтың тазалығы мен тәртібі тұрақты назарда болуы тиіс деп білемін. «AMANAT» партиясының өкілдері «Таза бейсенбі» акциясын өткізу арқылы ауқымды тазалық жұмыстарын жүргізумен қатар, қоғамды ортақ жауапкершілікке шақырады. Партияның бастамалары қоғамды біріктіретін, ортақ құндылықтарды дәріптейтін күшке айналып отыр, - деді Мая Октябрьқызы.

«Таза бейсенбі» акциясы Түркістанда экологиялық мәдениетті қалыптастырумен қатар, тарихи орындарды сақтау мен насихаттауға да серпін беріп келеді. Мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңірдің рухани және экологиялық дамуына өз үлесін қоспақ.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚ ҮШІН»

Сарыағаш ауданы жастарының қатысуымен «Заң мен тәртіп: қауіпсіз болашақ үшін» тақырыбында маңызды кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға құрметті арттыру, қоғамдық тәртіпті сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Кездесудің құрметті қонағы «Қазақстан КВН Одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің президенті, «Құрмет» орденінің иегері Есентүгел Елеукен болды. Іс-шара басталар алдында құрметті қонақ аудан жастарымен бірге ағаш егу акциясына қатысып, қоршаған ортаны қорғау, туған өлкені көркейту және жасыл аймақтарды көбейту бағытындағы игі бастаманы қолдады. Бұл акция жастардың табиғатқа деген жанашыр көзқарасын арттыруға оң ықпал етті.

Кездесуді Жастар ресурстық орталығының басшысы Отаров Нұрғали Жарқынбайұлы жүргізіп, аталған кездесудің жастар тәрбиесіндегі және құқықтық сауаттылықты арттырудағы маңызына тоқталды.



Сонымен қатар, ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы Зәуре Шәмілқызы қатысып, жастар саясаты, қоғамдық келісім, тұрақтылық және ел бірлігін нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

Жиын барысында аудан прокурорының орынбасары Бекмұратов Саят Сансызбайұлы сөз сөйлеп, заң мен тәртіптің қоғамдағы орны, құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық жауапкершілік және жастардың заң алдындағы міндеттері туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесудің басты қонағы Есентүгел Елеукен жастармен еркін форматта пікір алмасып, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Ол жастарды белсенді азаматтық ұстанымға, жауапкершілікке, отансүйгіштікке және заң талаптарын қатаң сақтауға шақырды.

Сондай-ақ, «Сұңқар мед» клиникасының бас дәрігері Дәулет Тайрахунов жастар денсаулығы, зиянды әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы туралы мазмұнды ой бөлісті.

Кездесу соңында жастар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ашық әрі еркін форматта пікір алмасты. Мұндай мазмұнды кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге және қауіпсіз болашаққа деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

ЖАСТАР ЕЛ ДАМУЫНА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙДЫ

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері «Вандилизмге жол жоқ!» бастамасын көтеріп, Кентау қаласындағы Кеншілер аллеясында ауқымды тазалық жұмыстарын жүргізіп, ескерткіштер мен кіші сәулеттік нысандарға күтім көрсетті. Партиямыздың жас толқын ізбасарлары осы бастама арқылы қоғамдық мүлікті, тарихи ескерткіштерді, саябақтарды, көшедегі сәулеттік нысандарды әдейі бүлдіру, сындыру немесе ластау әрекеттеріне мүлде төзбеушілік жөнінде қоғамға үн тастады.

Тәртіп пен мәдениетті сақтауға бағытталған қоғамдық қағиданы бекемдеуге күш біріктірген жастар аллея аумағын тазартып, тарихи-мәдени нысандарды ретке келтірді. Бұл – бір жағынан қала келбетін жақсартуға қосылған үлес болса, екінші жағынан өскелең ұрпақтың туған жерге деген құрметін арттыратын маңызды қадамға айналды.

«AMANAT» партиясы үшін тазалық пен тәртіп – жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Әсіресе, «Жастар рухы» белсенділерінің мұндай бастамалары қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жәрдем көрсетіп, жастардың ел дамуына бей-жай қарамайтынын білдіреді. Осындай нақты істер арқылы «AMANAT»-тың ел игілігі жолындағы бастамалары кең қолдауға ие болуда.



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Өмір, өмір-ай,
Кейде тұнық, кейде лай,
Бір күні өте шығасың,
Қамшының келте сабындай! – деп ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділов жырлағандай, белгілі меценат, 1999 жылы өз қаржысына «Домалақ ана» кесенесін салған, Түркістан облысының Құрметті азаматы Алтынбек Төлепбеков нағыз асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы еді. Ол өзінің ізгілік пен парасаттылыққа толы өмірін ұлттық рухымызды, ұлттық руханиятымызды көтеруге арнап, талай-талай бұлақтың көзін ашты. Тәуелсіздігімізді алған алғашқы жылдарда не істерін білмей абдырап қалған ақын-жазушыларға, өнер қайраткерлеріне қамқоршы, демеуші болды. Өмірдің тауқыметін көріп, ақындар ауылынан алыстап кеткен қазақтың талантты ақыны Әбілда Аймаққа қол созған Алтынбек досым еді. Бүгінде арамызда Алтынбек те, Әбілда Аймақ та жоқ. Жандары пейіште жатқыр қос арыс мәңгілік өмірге асыққандай бізбен қоштасып кете барды.

Осыдан он жыл бұрын Республикалық «Жұлдыз» журналына «Ақын және коммерсант» атты эссе жариялаған едім. Бұл туындының маңыздылығын ескере отырып, қайта қарап шығып, толықтырып, назарларыңызға ұсынып отырмын.



Ақын мен

(Эссе)

Қазақстанның халық әртісі Құрманбек Жандарбеков, Алтынбектің анасы Күлтайдың туған нағашысы болып келеді. Бір Қазақстанды ғана емес, әлемнің талай елдерін таңғажайып өнерімен таң қалдырған Құрманбек туған жиені Күлтай мен күйеу баласы Дүйсенбектің үйіне жиі ат басын бұратын. Өз заманының Біржаны атанған саңлақтың әрбір келісі нағыз өнер мерекесі еді. Ағасы Исабек сияқты Алтынбек те сонау Алматыдан келген нағашы ағасының тамылжыта шырқаған әндерін талай-талай естіді. Әншілік өнер бойына дарымаса да, құлақтан кіріп бойды алар, ғажайып әндерді бала кезінен сүйіп өсті. Жалпы өнер, әдебиет, мәдениет десе, бір табан жүретіні де сондықтан болу керек, Алтынбек техникумда оқып жүргенде қасиетті Қазығұрт тауын жайлаған сіргелі елінің қызы Сәулемен танысты. Алтынбекті Сәулеге ынтық еткен де Сәуленің әншілігі болатын. Сәуле ол кездердің өзінде қырғыздың, қазақтың халық әндерімен қатар, Шәмшінің әндерін тамылжыта шырқайтын.

Қалыңдығының жан-дүниесі таудың бұлағындай мөп-мөлдір, мінезі бала сияқты. Көп балалы үйден шыққан болғандықтан болу керек, адам баласын жатырқауды білмейді, үй шаруасына да икемді, атқарған ісі – тап-түйнақтай. Қолы ашық, қонақ келсе дастарханды жайнатып тастайды. Сондықтан да, Алтынбектің достары Сәулені өздерінің қарындастарындай айрықша жақсы көріп, үкідей үлпілдетіп, еркелетіп отырады.

– Сәуле, бір ән айтшы, – дейді олар өтініп.

Кейбіреулер құсап жас келін пәлсіне қоймайды. Өзінің ерекше дауысымен әнді құбылжытып, шырқай жөнеледі. Достарының ішінде, әсіресе, Сағынтайдың Сәулеге деген ағалық ықыласы ерекше, Алтынбектен соң досы Әзиз үйленіп, Айғаным екеуінің тойы дүркіреп өтті. Тойдың асабасы – атақты Шатырхан. Ол үйлену тойының қызықты, есте қаларлықтай болып өтуіне барын салып, әртүрлі ойындар өткізді, ең мықты деген әншіге бәйге жариялады. Тойға қатысқан қыз-келіншектер шетінен өнерлі, бірінен соң бірі алға суырылып, ән шырқады. Той сәнін келтіргендердің арасында асаба Шатырханның келіншегі Бибіжар, Алтыкеңнің жары Сәуле де бар. Өзі асаба, өзі қазылар алқасының төрағасы қыза-қыза келіп, бірінші орынды жұбайы Бибіжарға берді де жіберді. Әрине, Бибіжар да осал әнші емес, бірақ, Сәуле сол кеште тамаша ән айтып, отырғандар «бисбикке» басты. «Төрағаның» шешіміне Сағынтай риза емес, ол үшін Сәуледен асқан әнші жоқ, Сәкең бұл шешімді әділетсіздік деп санап, бұлқан-талқан болып шыға келді.

– Шатырхан, бері кел! – деді айқайлап сөйлеп.

Ойында ештеңе жоқ асаба, бірге араласып жүрген жолдасының жанына елпілдеп жүгіріп барды.

– Бибіжарға қарағанда, Сәуле әнді жақсы айтты, әділдік қайда? Көрсетейін сағаң бүйрек бұрғанды!..

Ашуға булыққан Сағынтай шампаны босаған бөтелкемен асабаны бір-ақ ұрды…. Шатырхан басын ұстаған күйі ойбайлап, жерге отыра кетті. Күйеуінің арқасында ән айтудан бірінші орын алып сызылып тұрған Бибіжардың да жан дауысы шықты. Жап-жақсы басталған той, ойламаған жерден төбелеске ұласып кете жаздады. Алтынбек бастаған жігіттер «екі батырды» ажыратып, әрең басты...

Қазақта: «Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше» демекші, Шатырхан мен Сағынтай ренжіскенін сол кеште-ақ ұмытып, татуласып кетісті. Сонау 1974 жылы болған Әзиздің үйлену тойынан кейін талай уақыт өтті, заман өзгерді. Бірінші орынды әйеліме беремін деп Сағынтайдан таяқ жейтін Шатырхан кезінде Шымкент циркінің директоры болды, «әділеттік» орнатқан Сағынтай СССР спорт шебері, Шымкенттегі мықты жаттықтырушылардың бірі. Сәуле музыкалық училищені бітірді. Елді аузына қаратқан әнші болуға мүмкіндігі мол еді, бірақ бес баласының болашағын ойлап, әншілікті екінші жолға қойды. Бибіжар бүгінде мықты дәстүрлі әншілердің бірі, қазір Алматыда тұрады. Өзіндік орындау мәнерімен көпшілікті сүйсінтіп жүрген талантты әнші Ақбота Керімбекова – Бибіжардың туған қызы.

...Бала кезінен Құрманбек Жандарбеков нағашысының өнерімен сусындап өскен Алтынбек өнердің, мәдениеттің, әдебиеттің рухани өміріміздегі алатын маңызын, орнын, жақсы түсінеді. Аулақ қылсын, бизнесте, саудада жүрген кейбір замандастары мәдениет немесе әдебиет, өнер саласының қызметкерлерін көрсе, бір дуаналарды көргендей, тыржия қалатыны бар. Олардың рухани дүниемізді қалай сақтап қаламыз деп бастарын тауға да, тасқа да соғып жүргендерін қайдан білсін. Алтынбек жоғарыда айтып өткен жаман әдетті, немқұрайлық пен жаны ашымастықты облыстық дәрежедегі кейбір шенеуніктерден де көріп жүр.

Құдайға шүкір, Алтынбек мұндайдан аулақ. Қолынан келгенше, рухани майданның жауынгерлеріне көмегін беріп жүр. Қолдары қалт етіп босай қалса, театрға, ән кешіне барады, қолынан кітап түскен емес.

Алтынбектің Өмірзақ деген сазгер інісі бар. Өзі кішіпейіл, елпеңдеп қалған жігіт. Жүрек қылын шертер әндерімен көрініп жүрген үлкен өнер иесі облыс сазгерлері арасында талай рет топ жарып, жеңімпаз атанды.

Өмірзақтың бір жақсы қасиеті: өзінен гөрі, жолдастарының, достарының жағдайын көбірек ойлап, қарлығашша шырылдап жүреді. Тәуелсіздігімізді алып, еңсеміз енді көтеріліп келе жатқан қиын кезде Өмірзақтың шекесінің шылқылдап тұрғаны шамалы, сөйте тұра, шықпа жаным, шықпа деп қиналып жүрген ақын-жазушылардың, сазгер мен әншілердің жағдайын көбірек ойлайды. Әсіресе, жергілікті ақын Әбілда Аймақты сыртынан көп мақтайды.

– Ақындық – құдайдың берген сыйы ғой. Құдайға шүкір, қазақта жүрегімен жыр жазған дүлдүл ақындар көп. Абай, Шәкәрім, Майлықожаларды айтпай-ақ қояйын, олардың орны да, жөні де бөлек. Поэзия – әлемнің алтын көпірін жалғастырған, қазақтың қара өлеңінің кейінгі талантты шоғыры: Мұқағали, Төлеген, Жұмекен, Мұхтар, Қадыр, Тұманбайлардың, Ұлықбектердің есімдерін халқымыз құрмет тұтып, хан көтереді. Мен осы ерекше талант иелеріне Әбілда ақынды ұялмай-қызармай қосар едім. Әбілданың поэзиясы ерекше құбылыс: әрбір өлеңі теңіздей терең, тілге бай, ойын айшықтап жазады. Сұңқар сұңқарды алыстан таниды емес пе? «Қазаққа тағы бір Әбілда келді!» – деп жыр сүйер қауымнан сүйінші сұраған Тұманбай Молдағалиев. Әттең, жағдайы жоқ, бұлқынып жатқан бұлақтың көзін ашып жіберсе үлкен сауап болар еді, – деді бірде Өмірзақ шын жүрегімен ақтарылып.

Алтынбек Әбілда Аймақтың тегін адам еместігін іштей сезді. Шымкентте бизнестің нарқасқаларының бірі Қуаныш Төлеметов болатын. Асанбай Асқаров Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған жылдары Төлеметов Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етіп, Шымқаланың танымастай болып, өркендеп-өсуіне үлкен үлес қосты. Қуаныш та өнерге, әдебиетке жақын, өзі өлең жазады.

– Алтынбек, жақында Алматыдан қазақтың нарқасқа жазушысы Оралхан Бөкеев келіп, Сарыағашта демалып қайтты. Қайтар сапарында маған жолығып «Шымкентте Әбілда Аймақ деген керемет ақын бар. Қолыңнан келгенше ақын-жазушыларды бауырыңа жақын тартып жүрсің, сол балаға да көзіңнің қиығын сала жүрші» деп өтініш айтып кетіп еді. Сен боп, мен боп, ақын жігітті қамқорлыққа алайықшы, – деген сөздері есіне түсті.

Ұмытпаса, 1994 жылдың күз айы болатын. Ордабасы ауданының орталығы Темірлан ауылында облыс композиторларының байқауы өтетін болды. Атақты Ақсақ Темірдің аяғы тиген қасиетті жер Темірланда облыстық, республикалық, республикааралық мәдени-әдеби шаралар жиі-жиі өтіп тұратын. Мұның өзі Темірланның атағын Ордабасы секілді көкке көтеріп кеткен. Міне, бүгін Арыс өзенінің бойында орналасқан, қазақтың алып даласы әлдилеп жатқан Темірланда облыс композиторларының байқауы болмақшы. Сазгер Өмірзақ Оспан інісі шақырған соң, Алтынбек барлық шаруаларын кейінге қалдырып, жолға жиналды.

Мәдениет үйінің алдына тоқтағанда, машинаның алдынан Өмірзақ қарсы шығып, құшақтасып амандасып, жанындағы орта бойлы, жанары мұңды жігіт ағасымен таныстырды.

– Алтеке, мынау сізге қайта-қайта айта беретін ақын досым. Мен көбінесе Әбілданың өлеңдеріне ән жазамын, – деді.

Алтынбек Әбілдамен тұңғыш рет осылайша танысқан еді. Байқаудың басталуына әлі біраз уақыт бар. Жігіттер сол маңдағы орындықтарға отыра бастады. Сол кезде Алтекең:

– Әбеке, сен туралы Өмірзақ маған жиі айтады. Ақындығыңды мақтайды. Қане, бір-екі өлең оқып жіберші, – деді. Күтпеген ұсыныстан ақын қапелімде қипақтап қалды. Өзін-өзі ақын санап көрмеген қарапайым Әбілданың маңдайынан бұрқ етіп тер шықты. Сонан соң есін тез жинап алып: «Қарлығаш» атты өлеңін оқыды.

«Мен емес ем,
өмірден безер кісің,
Жігеріме қылышын кезенді сын.
Мұң сыйлаған мезеттер
миды шақты,
Қарлығаштар,
халімді сезермісің.

Төрт қабырға еді ғой
сырласарым,
Сендермісің ендігі мұңдасарым.
Білгің келіп тұр ма, әлде,
шырылдайсың,
Былтыр көрген оранды
мұңға ошағың.

Дәм беретін анам жоқ
қалаулы астан,
Мына төрде інім жоқ
сан аунасқан.
Тек қана сен қайта кеп
ұя салдың,
Бұрышына үйімнің шалау басқан.

Іргетасы бұл үйдің мүжілгенде,
Көрсетуді қойғанда жүзін пенде.
Тамылжыған сендердің
сазың толды,
Көз алдыма туғандар
тізілгенде.

Қарлығаштар, бұл үйден
нені іздедің,
Толқып кетті-ау сезім,
ой-теңіздерім.
Бәрің түгел биыл да
келдіңдер ме,
Өткен жылы алтау ма ең,
сегіз бе едің?!

Күдік өліп бір жола жағаны алған,
Өмір – үміт шырағын
жағады алдан.
Сендермен-ақ бір бақыт
келсе кетті,
Ал, ағайын келмесе, одан әрман!

Жанында отырғандардың бәрі де үнсіз қалды. Ақындардың бір өлең оқыса, шабыттанып кететіні бар емес пе. Әбілда тағы өлең оқыды.

Тағдыр жазса не күнді кешесің де,
Темірланның көп жүрдім
көшесінде.
Көз алдымда ластау сырахана,
Одан бөлек түк те жоқ
еш есімде.

Азанымен шараптан
тартып алып,
Қандай ойға дейсің бір
малтымадық.
Содан кейін таныстар
кездесер деп,
Жүретінмін,
Қолымда жарты балық.

Жалғыз мендей өмірде
тентіреген,
Ісім болмай басқаның
дертіменен.
Сырахана шетінде
тұрушы едім,
Жүрегімнің алысып өртіменен.

Жерім жоқ боп басқалай
шегінетін,
Бар қабырғам қақырап,
сөгілетін.
Саптыааққа сырымды,
шынымды айтып,
Көзімнен жас моншақтап
төгілетін.

Тағдыр жазса не күнді кешесің де,
Темірланның көп жүрдім
көшесінде.
Көз алдыма ластау сырахана,
Одан бөлек түк те жоқ
еш есімде.

Өлеңін тебірене аяқтаған ақын жан-жағына көз тастады, кейбіреулері күрсінді, кейбіреулері темекі шегіп тұр. Өмірзақ риза болып досына қарайды. Алтекеңнің көзі жасаурағандай болып, маңдайындағы үш-төрт шашын қайта-қайта сипағыштап, Өмірзаққа бір, ақынға бір қарағыштады. Кейінірек Әбілда ақын өзінің «Домалақ ана» кітабында: «Шынында да мен өлеңдерімді осы кісілер ұйып тыңдайды деп, болмаса коммерцияның төңірегіндегілер шын жүрегімен қабылдай қояды деп оқыған жоқпын. Өзім сан рет шиырлаған Темірланның топырағында бүкіл сезім біткен оянып, өзімнің сиқырыма елітіп тұрып, өлеңдерді оқи бергім келген. Ешкімге де пысқырмайтын, ылғи шетелдік машина мінетіндерді бастап келген Алтекеңнің дәл осылай «әбіржитінін» білгенім де жоқ. Сол сәт оның түріне көзім түсіп, өлеңнің құдіретін аңдағанына қуанып кеттім. Артынша ол:

– Әбеке, өлеңдерің жақсы екен. Қай-қайдағы ойларға жетелеп кетті ғой. Өзің осы жерліксің бе? – деді.

– Коммунизм деген жерденмін.

– Рахмет, сен Шымкентке барған соң бізге келші, әңгімелесейік, – деді Алтынбек.

Сөйткенше болған жоқ, көп күттірген байқау да басталып кетті. Сол жолы біздің досымыз Өмірзақ Оспан бірінші орынды иеленді. Ылғи «сен тұр, мен айтайын» дейтін саңлақтардың арасында бірінші орынды алу да оңай болған жоқ.

Сөйтіп ойда-жоқта жолымыз болып, Шымқалаға қарай келе жаттық. Менің көңілім асып-тасқан бір мөлдір сезімнің құшағында еді. Мынау айналамызды қаптаған коммерсанттардың ішінде өлеңге соншалықты мән беретін, өлеңді сүйіп тыңдайтын кісі болады деп ойламаппын. Менің байқауымша, Алтекең өлеңді бір кісідей түсінетін, жаны тым нәзік жан болып шықты», – деп тебірене жазды.

Кеңес дәуірі кезінде Қазақстан Жазушылар одағы Шымкент бөлімшесін Мархабат Байғұт басқарды. Әбілда Аймақ осы Махаңның тұсында бөлімшеге әдеби кеңесші болып келді. Көп ұзамай-ақ қоғам түбегейлі өзгеріс жолына түсіп, бұрынғы КСРО дейтін алып Мемлекет ыдырап, Қазақстан секілді республикалар өз алдына дербестікке ие болды. Бұрынғы құрылымдар өзгерді. Небір алып мекемелер күйреп, жекеменшік формасындағы ішкі кәсіпорындар көбейіп, дүние аласапыран жағдайға келді. Қарапайым халық әлі ештеңені түсіне алмай далақтап ары шауып, бері шауып әбіржіген бір кезеңге душар болдық. Осындай кезеңде қоғамдық ұйымдар қамқорлықсыз қалып, өзін-өзі асырайтын шақ туды. Бөлімше бастығы мен әдеби кеңесшілер айлықты Алматыдан алатын. Оңтүстік өлкесіндегі қаламгерлердің тірегі дейтін бөлімшеде екі-үш үстел мен орындық, кітап шкафы секілді кеңселік бұйымдардан басқа материалдық базасы болған жоқ. Материалдық база болса, ол Алматыда қалды. Алматы мен арадағы дәнекер жіп үзіліп, өз-өзімен қалған шақта, бөлімше жабылудың аз-ақ алдында тұр еді. Осындай шақта, бөлімшенің бастығы Мархабат Байғұт үлкен істерге барып, бар

коммерсант

күш-қайратын жұмсап, бөлімшені аман сақтап қалудың қамына көшті. 1991-1992 жылдары бөлімше республика облыстарында тұңғыш ашылған «Жібек жолы» журналымен бірікті. Журнал редакторы Төрекелді Байтасов еді. Сол жылдары журналдың жауапты хатшысы болған Шойбек Орынбаевтың да бөлімшені сақтап қалуда көп еңбегі болды. Қойшы, әйтеуір не керек, бәрі жанталасып жүріп бөлімшені аман сақтап қалды. Сөйтіп жүргенде Мархабат Байғұт басқа қызметке ауысты да, 1993 жылы облыс жазушыларының жалпы жиналысы болып, бөлімше төрағалығына Әбілда Аймақ сайланды. Бөлімшенің әдеби кеңесшісі, ақын Сатыбалды Қосалыұлы екеуінің жүгіруімен облыс әкімшілігінің бөлген бір миллион сомнан сәл астам қаржысы көп ұзамай инфляцияға ұшырап, аяғы құрдымға сіңгендей, аренда ақысы, салық дегендермен-ақ таусылған. Сөйтіп бөлімше бір тиынсыз қалып, демеуші боларлық ешкім табылмай, біраз уақыттан бері айлықсыз есік күзетуге тура келді.

60-жылдардан бері екі-үш жазу үстелі мен тозығы жеткен диванға ғана ие болып келген бөлімше бұдан ары қарай қалай күн көреді? Бұған ешкімнің де басы ауырмады. Қайдағы бір адам сенбейтін өсектің соңында ілескен аға буынды жазушылар бөлімшенің есігін ашпақ түгілі, бөлімшенің қайда екенінен де хабарсыз еді. Сөйте тұра, бөлімшедегілер жұмыс істемейді, оның төрағасы әлсіз, әкімдердің алдына кіре алмайды, біздің мұң-мұқтажымызды жеткізе алмайтын, тіпті өзін-өзі алып жүре алмайтын біреу деп, сырттарынан «сыбап» жүрді. Дегенмен, осыншалықты қиындыққа қарамай, бөлімше есепте бар болып, жұмыс істеп жатты.

1993 жылы бөлімше жанынан тұңғыш рет облыс ақын-жазушыларының газеті ашылып, ол екі тілде – қазақ және өзбек тілінде шығып тұрды. Дәл осы жылдары қалада баспалар көбейді. Соның бірі – «Жібек жолы» баспасы. Міне, осы «Жібек жолы» баспасымен бірігіп бөлімше жергілікті қаламгерлердің 40-тан астам кітабын шығаруға атсалысты. Сондай-ақ, «Шымған» баспасымен, «Әлия» баспасымен бірігіп те біраз жұмыстар атқарды. Кейін бөлімше «Қосай» баспасын ашты. Көп ұзамай, осы баспалардан шыққан кітаптарды демеу мақсатында, олардың авторларын көтермелеу үшін бөлімше екі әдеби сыйлық тағайындады. Бұл – С.Ерубаев атындағы және Қ.Қазиев атындағы сыйлықтар тұңғыш рет 1994 жылы берілді. Қазақтың белгілі қаламгері, мәңгілік жас Саттар Ерубаев атындағы поэзияға арналған сыйлық ақын Сәрсенбек Сахабатқа «Үркер таққан тоғайды» кітабы үшін берілді. Ал, халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі, ірі қаламгер Қарауылбек Қазиев атындағы сыйлық өзбек қаламгері Ирисалы Жұмановқа берілді. Міне, содан кейін-ақ, бұл әдеби сыйлықтар тұрақты беріліп тұратын болып бекітілді. Ақын-жазушылардың газетін шығарып, «Қосай» атты баспа жұмыс істеп тұрғанымен, бөлімше шын мәнінде ауқымды іс-шараларды өз бетінше өткізе алмайтын еді. Бұрынғыдай Алматыдағы Одақтан тым құрыса сөз жәрдемі де болған жоқ.

Өмірзақ қанша айтқанымен, Әбілда Алтынбектің офисіне баруға қатты ыңғайсызданып жүрді. Білмейтін кісіге барып, сізде дүние бар екен, бізге көмектесіңіз деп қалай айтады. Ақыры бөлімшенің ертеңгі күні қатты толғандырған Әбілда бір күні Алтекеңнің офисіне еріксіз аяқ басты. Ақын бұлай болады деп күткен жоқ, кабинет иесі өзін көргенде ең жақын досындай, қауқалақтап қарсы алды. Сонша уақыттан бері бір келмегенің қалай деп, іші-бауырына тарта сөйледі.

– Әбілда, мен жазушылардың қазіргі жағдайын жақсы білемін. Бөлімше жабылып қалудың сәл алдында тұр. Мына қиын-қыстау кезеңде үлкен жұмыстың басына келген екенсің, енді аяғына дейін шыдау керек. Мен сендердің жағдайларыңды Өмірзақтан естідім. Ол қазір бізде, білесің бе? – деді.

– Білемін...

– Білсең сол. Мен тек композиторлар мен әртістерге ғана емес, сендерге де жәрдем бере аламын. Қаласаң, өзіңе ай сайын айлық берейік, ал бөлімшеңе шамамыз келгенше көмектесейік. Өйткені, қазіргі кезде бөлімшені алып кету, жалғыз-жарым адамның қолынан келмейді. Қаламгерлер – халықтікі. Мен де сол халықтың бір бұтағымын. Ендеше, бүгінгі қиыншылық бәрімізге де ортақ. Сен өз тарапыңнан қаламгерлеріңмен ақылдас, мен өз тарапымнан қасымдағы жолдастарыммен ақылдасайын. Қалай болғанда да сендерге көмектесемін.

Алтекеңнің мына сөзінен кейін Әбілдаға ерекше бір қанат бітіп, облыстық кәсіподақтардың бір бөлмесіндегі тығылып отырған мекенжайына қарай ұшып келе жатты. Жан-жақты әбден қысымға түсіп, кейбір қаламдастарының табасына түсіп, кейбіреулерінің көзіне түрпідей тиіп жүрген ақынның бүгінгі қуанышында шек жоқ, ойда-жоқта әкесіне жолыққан жетім баланың күйіндей хал кешті.

Көп ұзамай-ақ «Домалақ ана» фирмасы әр бұрыштa сығалап, жетім баланың халін кешіп жүрген Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент бөлімшесін өз қолдарына алды. Алтынбек ақын-жазушылардың газеті «Дидарды» тұрақты шығарып отыру үшін, бөлімшеге бес тонна қағаз берді. Бөлімшенің өзбек әдебиеті секциясына жетекшілік ететін И.Жұманов, «Дидардың» редакторы болды да, ал қазақшасына жазушы Шойбек Орынбай басшылық етті. Серіктестік басқа да іс-шараларға араласа бастады. Облыста фирманың демеушілік жасауымен ақын-жазушылардың мерейтойлары өте бастады.

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қырғыз ағайындармен тұңғыш рет айтыс өткізу жөнінде бастама көтерген Әбілда Аймақ пен Нышан Төлегенов. Екі туысқан халықты жақындата түсетін бұл бастаманы Алтынбек Төлепбеков қолдап, бас демеушісі өзі болатын болды. Заман қанша қиын болса да, Алтекеңнің жанашырлығымен бірнеше ірі ақындар айтысын өткізіп, атбегінің тілімен айтқанда, Әбілда мен Нышан облыстың ақындарын бірақ «суытып» алды. Бекарыс Шойбеков, Анар Жаппарқұлова, Құралай Сатпағанова, Карима Оралова және басқа да өнер иелері нағыз бабында. Өнер иелері Қырғызстанның Ош және Жалалабад облыстарына баратындарын естіп, өз дайындықтарын күшейте түсті. Айтыс бар жерде, асқақтаған ән мен күмбірлеген күй де бірге жүреді. Орталарына бірнеше әнші мен күйшіні қосып, өз репертуарларына қырғыздың, қазақтың белгілі әндерін, күйлерін кіргізді. Сәрсенбінің бір сәтті күнінде Алтынбек бастаған Оңтүстік Қазақстан облысының айтыс ақындары мен әнші-күйшілері мың шақырым қашықтықтағы Ош облысына сапар шекті. Әндіжан арқылы жолаушылар пойызбен келген қонақтарды айыр қалпақты қырғыз ағайындар құшақ жайып қарсы алып, үлкен қонақжайлылық көрсетіп жатты.

Түбі бір, тегі бір қырғыздардың ата-бабаларынан мұра болып келе жатқан айтыс өнерін қатты сағынғаны бірден байқалады. Оның үстіне, Ош қаласының үлкен мәдениет сарайында тұңғыш рет қазақ және қырғыз ағайындарының ақындары айтыспақ. Алғашқы күні өткен айтысқа Ош қаласында тұратын қырғыздар мен қазақтар ағылып келіп жатты. Екі елдің айтысына облыс губернаторының орынбасары, мәдениет саласының басшылары қатысып, жергілікті теледидар ақындар айтысын тікелей эфирден көрсетті. Қазақ ақындарының дайындығы әлдеқайда мықты екендігі бірден байқалды.



Алғашқы күні шымкенттік Карима мен оштық Абдулланың екеуара айтысы өте тартымды, қызықты өтті. Сахна іші сәл салқындау болған соң, суық тиіп қалмасын деген болу керек, Абдулла үстіне қабаттастырып, қос шапан киіп алыпты. Карима-ның басында – кәмшат бөрік, үстінде – әдемі қос шатырлы көйлек пен камзол. Айтыс соңына таман өткір тілді, қуақы мінезді Карима қарсы алдында отырған қарсыласын:

Басыңа басып алып қалпағыңды,
Екі бірдей киіп апсың
шапаныңды.
Қарындасың тоңып қалды,
біреуін бер,
Бермесең, өлеңменен
шығарамын талқаныңды, –

деп түйреп-түйреп алды.

Абдолла жеңілгенін мойындап, орнынан тұрып, үстіндегі бір шапанын шешіп Кариманың үстіне жапты. Жиналған қауым ду етіп, қол шапалақтап, қазақтың айтыскер қызына құрмет көрсетіп жатты.

Айтыстың өте қызықты өтіп жатқандығын айтып барған болу керек, ертесіне бүкіл нөкерін ертіп, Ош облысының губернаторының өзі келді.

Бұл жолы кешегі қырғыз ақыны Абдолла Бекарыспен шықты. Қарсыласының Каримаға берген шапанын қайтып алып кеткенін жақсы білетін қазақ ақыны ауыр «артиллерияны» кейінге сақтап отырды.

Каримадан сен кеше жеңілгенсің,
Амалдың жоқтығынан
шешінгенсің.
Ақын қыздың қызуы
қайтқан болар,
Бүгіліп, бүрсең қағып,
дірілдейсің.
Қазақпен құдамын деп
гүпілдейсің,
Ақын боп осыны да
түк білмейсің.
Қырғыздар аруларын
сыйламай ма,
Сол шапанды қайтарып
бермеймісің? –

дегенде, есеңгіреп қалған Абдолла нокдаун емес нокаутқа кетті.

Үлкен залдың ішіндегі төрт жүзден артық көрермен ду күліп, Бекарысқа қошемет көрсетіп жатты.

Алтынбектің жанында отырған губернатор да мәз-мәйрам.

– Алтеке, сізге рахмет! Айтыс өнерін сағынып жүрген халық бір жасап қалды, – деп Алтынбектің қолын алды.

– Осы айтысты ұйымдастырғанның бірі Сіз екенсіз. Он екі адамды өз қаржыңызға әкелгеніңіз рас па? – деді губернатор сөзін жалғап.

– Иә, – деді Алтынбек салмақты жауап беріп. – Батыстың бір данышпаны: «Бәрі де өткінші, ал, музыка мәңгі жасайды» деп бекер айтпаған ғой. Қолымнан келіп жатса, өнерге қолдау жасаймын.

Ош облысының губернаторы ойланып қалды.

Алтынбектің бір аңғарғаны: жергілікті халықтың тұрмысы жүдеулеу болғанмен, бойларындағы рухтарын жоғалтпапты, өнерге деген ықыласы ерекше, мәдениет ошақтары бұзылмай, сол күйінде сақталып қалыпты.

Қазақтар мен қырғыздардың үшінші күнгі айтысы тартысты басталды. Екі күнгі жеңілістен соң, қарымта қайтаруға тас-түйін болып бекініп, бұл жолы ең мықты деген айтыс ақындарын шығарды. Өнер сайысы кезінде қауіпсіздік шараларын ойластырған жергілікті басшылар сахнаның алдыңғы жағына қатар-қатар етіп, солдаттарды тұрғызып қойған болатын.

Айтыс арғымағына мінгенде маңайына шаң жуытпайтын Бекарыс қарсыласына бір қарап:

Бауырым, сірә, менен
қорқасың-ау,
Алдыңа тізіп қойдың
солдаттарды.
Қорғансаң, қорғана бер –
жеңілесің,
Шақыр енді, армия мен
полктарды, –

деп желдіре жөнелді.

Алтынбектің өзі бастап келген өнерпаздар 12 тәуліктің қалай зу етіп өте шыққандарын байқамай да қалды. Ош және көрші Жалалабад облыстарында кейде тәулігіне екі рет айтыс өткізіп жүрді. Әдеттегідей, айтыстың соңы ән мен күйге бөленді.

Ош жерінде Рыспанбет деген сазгер-әнші өмір сүретінін Алтынбек жақсы білетін. Қазақ Шәмшіні қалай дәріптесе, қырғыз да Рыспанбетті хан көтеріп, осы күнге дейін өлмес, ғажайып әндерін шырқайды. Алтекең бала, жігіт кезінде «Мен жылқышы, сен шопан» және басқа да әндерін сүйсініп тыңдаушы еді. Ошқа барғанда жанына серіктерін ертіп, Рыспанбеттің бейітіне барып, гүл шоқтарын қойып, аруағына құран бағыштады.

Сегіз қырлы, бір сырлы Нышан Төлегенов дүниеден озған қырғыз бауырының әндерін нәшіне келтіре орындағанда, көңілі босамаған қырғыз жоқ. «Түрің де, бойың да, ән орындау мінезің де – Рыспанбеттен бір аумайды екен, рахмет саған, мың жаса, бауырымыз қайта тіріліп, ортамызға оралғандай хәл кештік», – деп Нышанды жан-жақтан қаумалап, бетінен сүйіп жатты.

Кеңес дәуірі кезінде Шымкентте Қырғызстанның әдебиет және өнерінің он күндігі өтіп, Алтынай атты үлкен өнер иесінің келгені Алтынбектің әлі есінде. Қайталанбас өнеріне, әсем сұлулығы мен әйел баласына тән мейірімділігі мен парасаттылығына риза болған шымкенттік сазгер «Алтынай» деген керемет ән шығарып, ол кейіннен қазақ және қырғыз жеріне кеңінен тарап кетті. Ош және Жалалабад жерінде болған өнер кездесулерінде атақты әннің шығу тарихы айтылып, шырқағанда, көрермендер Нышанды сахна төрінен жібермей, «Алтынайды» бес-алты рет айтқызған кездері болды.

Оңтүстік Қазақстаннан келген өнерлі топ айтыстан, ән мен күйден шашу шашып жүріп, ел жаққа аптасына бір-ақ рет жүретін жолаушылар пойызынан қалып қойып, тағы да бірнеше өнер кездесулерін өткізіп, Бішкек арқылы автобуспен Шымкентке оралғандары бар. Елге оралғанда қырғыз жерлеріндегі естен кетпес кездесулерді Алтынбек Әбілда Аймақ досына майын тамызып тұрып айтып берді. Осының бәрін аузын ашып, көзін жұмып тыңдаған ақын, бір жұмыстары шығып, бірге бара алмай қалғанына қатты өкінді.

Бүгін ешкім ат ізін
салмады маған,
Өмірімді тағы да жалғады қалам.
Ауырғанда жолдастар
есікті қақпай,
Жалғыз өзі кісінің қалғаны жаман.

Керексіз жан ешкімге
саналдым дағы,
Апта болды, үйіме
қамалдым тағы.
Достарым түсіп кетті де
есіме менің
Ұйқымнан шошып ояндым таң
алдындағы.

Отырдым тұрып төсекте мезі
еткен мені,
Бірақ та бірақ өлеңге кезек
келмеді.
Шырылдап торғай ақ таңнан
хабар беріп тұр,
Өкініш біткен өртеніп
өзек кернеді.

Барады екен ойлансам
бәйгең де қалып,
Орнымнан тұрдым басымды
ой кернеп алып.
Оңаша ғана бөлмеде оңаша ғана
Отырдым сосын бір шәйнек
демдеп алып.

Бүгінде бүкіл қазақ мойындаған Әбілда Аймақ досының осы өлеңін оқығанда, Алтынбектің бүкіл жандүниесі төңкеріліп жүре береді. Мына жалған дүниенің оған өгей бала сияқты қарағаны рас: ол жетімдікті де, жоқшылықты да, жалғыздықты да көрді. Бойында өлең құдіреті тасып жүрсе де, құрылысшы болып тас қалады, қара жұмыс жасады. Мынау тәкаппарсынған дүние, арам дүниеге мас болып, талтаң-талтаң басқан дөкейлер, өзімсінген әкімдер оның рухын баса алған жоқ. Кейде Алтынбек Әбілданы таудың тасын жарып шыққан қайсар гүліне теңейді. Елуден асып, мына жалған дүниенің бақыты мен қызығын енді-енді көре бастағанда, бәрін тастап, мәңгілік дүниеге кете барды...

...Биыл да Оңтүстік өңіріне ару көктем ерте келді. Өрік ағаштары әдеттегідей гүлдеп, дала төсіне қылтиып, бәйшешектер шыға бастады. Күнделікті жұмысынан ерте босаған Алтынбек, темір тұлпарымен туған ауылға тартып кетіп, Машат және Арыс өзені қосылатын көрікті жерге тоқтады. Жер ана әсем сұлу жасыл көйлегін киіп, құлпырып шыға келген, тау жақтан самал жел соқты, сарқырап ағып жатқан қос өзеннің шуы құлаққа жағымды естіледі. Алтынбек күні бойы шаршағанын ұмытып, тынысы кеңейіп, жан-дүниесі жадырап жүре берді. Жолаушының көзі үлкен сайдың төменгі жағында қылтиып өсіп тұрған көгілдір әсем дала гүлі мен бұлқынып ағып жатқан кішкентай бұлаққа түсті. Осы сәтте Алтынбектің көз алдына Әбілда досының бейнесі елестеп, жүрегі сағыныштан шым ете түсті...

Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін ардақты жандар болады. Солардың бірі, бірегейі атымтай жомарт, қазақ руханиятының жанашыры, әдебиет пен өнердің қамқоршысы, белгілі кәсіпкер Алтынбек Төлепбеков пен қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар талантты ақын Әбілда Аймақ болатын. Екеуі де өлді дегенге қимайтын асыл жандар еді. Шымкентке барғанда сол бір қимас жандарды есіме аламын. Екі дос күлімсіреп қарсы алдымнан шыға кететіндей әсерде боламын. Мәңгілік өмір, пейіштің төрі деп көп айтамыз. Біз білмейтін беймәлім дүние көп қой... Алтынбек пен Әбілданың жұмақтың бағында қор қыздарымен серуен құрып жүргендерін көз алдыма елестетемін.



Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

мақ болып тұрған оқу апталығын да осы айтылған қос мейрамменен бірге өткізіп, жиналған халықтан әртүрлі жолмен оқу істеріне бірталай жәрдем жинаймыз деген үміттеміз.

Үйездің әр бұрышынан келіп, бұл сияқты неше он мыңдаған халық жиналған үлкен үйездегі ел бастығы азаматтар тарапынан халыққа үгіт-насихат айтылмақ.

Осы күнгі шаруашылық істері һәм басқа түрлі ел ішінде екпінді ретте істелмек болып жатқан жұмыстар турасында елге түсініріп, ел шаруасының алға басып, оңдалуына себепкер болмақ.

Жәрменов.
«Ақ жол», 22 март, 1923 ж.».

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

IV. Осы жұрт Жәрменовті біле ме екен?

2. Күнгейдің күміс қоңырауы

«Оян, қазақ!» Алаш арыстарының осынау үндеуі, жанайқайы десек те артық емес, келе-келе жалпыұлттық ұранға айналды. Оған ежелгі Шымкент атырабынан белсенді үн қатқандар мен іске асыруға бел шеше кіріскендердің алғы сапында темірландық Елемес Жәрменов пен Жабағы Жақсыбаев та болды. Өткен жолғы материалда Жабағының мыңғыртып мал айдағанды байлық санайтындардан басқаша екені, заман ағымына орай сауданың тілін, қаржының көзін таба білетіні туралы біршама әңгімелеген едік. Енді Елеместің оқу, білім саласын дамытуға ерекше көңіл бөлгені жайында сөз қозғағанды жөн көріп отырмыз. Бұл орайда ол өзінің негізгі мамандығы мұғалім дегенмен де, заман ыңғайына орай қолына қалам алып, баспасөз беттерінде мектеп және тәрбие тақырыбында он-сан мақалалар жазды. Оның бірқатар ойпікір және тұжырымдары бүгінгі күн биігі тұрғысынан саралағанның өзінде мән-мағынасын, өзектілігін жоғалтпағаны, алыс болашақты болжай білгені риза етеді. Осы бағалауды дәлелдейтіндей бірнеше нақты мысалдар келтіретін боламыз. Бұған қоса әсіресе мына төмендегі жайларды ерекше атап өткіміз келеді.

Елағаңның күміс қоңырауы сан түрлі дыбыстарды, саз-әуендерді бірде сыңғырлатып, ендігіде күмбірлетіп, тыңдаушы-оқырманның құлағына ғана емес, жүрегіне жеткізуді мақсат етеді. Біз тек үн мен дыбысты ғана айтып отырғанымыз жоқ. Жәрменов сол кезде шығып тұрған баспасөз беттеріндегі мақалаларында оқу, білім мәселесін ұлттық салт-дәстүрлермен, өнермен, тілмен байланыстыра әңгімелейді. Өйткені тілдің дамуы үшін оны кеңінен, жан-жақты қолданатын орта болуы, қалыптасуы керек екенін әрдайым есінде ұстайды. Сондықтан мақалаларында тіл, өнер, дәстүр мәселелерін қатар алып жүруге ден қояды.

«Шымкент үйезінен

Осы март айының 25-ші күнінен бастап, Шымкент қаласында наурыз мейрамы жасалмақшы. Әр жылғы үйез һәм Сыр халқының дағдысы бойынша апрель айының басында «Қошқар ата сейілі» болмақ керек еді.

Бұл Қошқар ата сейіліне Шымкент, Ташкент һәм Әулие ата үйездерінің адамдары жиналады. Сейіл болатын орын Шымкент стансиясының жанындағы Қошқар ата бұлағының басындағы тегіс жерде өтіп, һәр жылы 200-300-дей қазақ үйлері тігіліп, бір аптаға дейін һәр үйде жиналған халық қос-қос болып, тамашалап жатады.

Сол бір аптаның ішінде жергілікті халықтың әртүрлі тамаша ойындарының бәрі де істелмек. Осы март айының 20-нан басталмақ болып тұрған оқу апталығын да осы айтылған қос мейрамменен бірге өткізіп, жиналған халықтан әртүрлі жолмен оқу істеріне бірталай жәрдем жинаймыз деген үміттеміз.

Үйездің әр бұрышынан келіп, бұл сияқты неше он мыңдаған халық жиналған үлкен үйездегі ел бастығы азаматтар тарапынан халыққа үгіт-насихат айтылмақ.

Осы күнгі шаруашылық істері һәм басқа түрлі ел ішінде екпінді ретте істелмек болып жатқан жұмыстар турасында елге түсініріп, ел шаруасының алға басып, оңдалуына себепкер болмақ.

Жәрменов.
«Ақ жол», 22 март, 1923 ж.».

Міне, наурыз мейрамын өткізуге қатысты шағын хабарда бірнеше өзекті мәселе тілге тиек етіледі, олар: оқу ісіне қаржы жинау, үгіт-насихат жүргізу немесе басшылардың есебі, сондай-ақ ұлттық дәстүрді жаңғырта отырып, наурыз мейрамын мән-мағыналы етіп өткізу.

Жәрменов негізгі деп саналатын мақалаларының көбінде дерлік туған халқына қоса туысқан қырғыздардың да мәселесін назарынан тыс қалдырмайды. Бұл оның Алаш бірлігін тереңнен ойлап, әрдайым есте ұстайтынын көрсетеді. Өткен мен бүгінгінің арасын ойша жалғайтын болсақ, бүгінде түбі бір түркі тектес халықтар көтеріп отырған Тұран бірлігі идеясы сонау жиырмасыншы жылдары нақты сөз бола бастағанын көреміз. Сол мәңгілік маңызды деп санауға толық болатын идеяны белсенді қолдап, насихаттаушылардың бірі – біздің Жәрменов. Бұл пікірімізге де дәлел бола алатын нақты мысалдар жетерлік. Соның бірі, мәселен, мына төмендегідей. Бұл енді ақ жарылып айтқанда, Алты алаш, Тұран бірлігі деп саналатын әлемнің шеңбершегінен шығып та кететін қозғалыс, ұмтылыс десе де артық емес. Біздің айтып отырғанымыз 1923 жылы «Ақ жол» газетінде (№314, 27 май) жарияланған "Студенттерге жәрдем керек" деп аталатын мақала. Оған Түркістан республикасының сол тұстағы Денсаулық халық комиссары Асфендияров, ақын Жұмабаев және басқалар қол қойған. Қысқа қайырғанда жалпы мазмұны мынадай. Төлеу сөз ретінде баяндап өтейік. 1922 жылы Түркістан республикасы Германияға бес қазақ жігітін оқуға жіберген екен. Арада біраз уақыт өткенде сол студенттер қаржыдан қысыла бастайды. Тез арада соларға көмектесу керек. Бұл іске әр облыстан бірнеше сенімді, кісілерді тартып, қаржы жинауға болар еді. Мысалы, бұндай істі Шымкенттен Жәрменов тындыра алады. Хош дейік. Бұған не қосуға болады? Бір нәрсе анық, ол – қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздары Санжар, Мағжан және басқалар ел-елдегі іскер, ұлтжанды азаматтар қатарында Темірланның тумасы Елемес Жәрменовке сенім артып отыр. Өйткені олар оның оқу, білім жолында жемісті жұмыс атқарып жүргенін жақсы біледі.

Жерлесіміздің «Қазақ», «Ақ жол» және т.б. басылымдарда жарияланған оқу, білім бағытындағы еңбектерін тізе бастасақ, бір жинақ болары сөзсіз. Дегенмен тағы бірер мақаласына тоқталмай өту мүмкін емес. Солардың бірі «Бес жылғы өзгеріс дәуірінде қазақ-қырғыз арасында оқу-оқыту істері» деп аталады. Жарияланымнан бір үзінді келтірейік («Ақ жол», №259, 1923 ж.):

«Октябрь төңкерісінен кейін, кеңес хүкіметі орнағалы оқу-оқыту ісіне кең жол ашылса да, қазақ-қырғыз халқы төңкерістің үшінші жылына дейін оны артықша пайдалана алмады.

20-шы жылға дейін Шымкент үйезіндегі көшпелі һәм жартылай көшпелі қазақ халқының ішінен жаңа мектептер ашып, оқытушы боларлық адамдар болмағандықтан, 5-6 айлық бірнеше рет курстер ашылып, 130 оқытушы дайындалып, үйезде 65 жерден жаңа мектептер ашылды. Қазақ халқының ішінде бұл уақытқа дейін мектеп үшін арналып салынған үй болмаған соң, бұл мектептердің бәрін де ел ішіндегі ең төуір деген тамдарды алып, ашуға тура келді.

Мектептер үшін бұрыннан дайындалған аспаптар болмаған соң, парта орнына скамейкалар істеліп, барынша оқу кітаптары беріліп, 20-шы, 21-ші жылдарда осы ақуалда жүргізіліп келді.

Осы айтылған 65 ауыл мектептерімен қатар үйезде 10-дағаң интернаттар болып, бұлардың да арналған үйлері болмастан, үлкенірек қыстақтардағы жарарлық үйлерге орналастырылып, жаз уақытында қазақтың киіз үйлерінде орналастырылып, балалар оқытылды».



Темірландағы алғашқы аурухана ғимараты

Жалпы Жәрменовтің оқу, білімге, тәлім-тәрбиеге қатысты ой-пікірлері туралы сөз еткенде оның «Шымкент уезіндегі оқу жайы» деп аталатын сараптамалық мақаласына айрықша көңіл бөлуге тура келеді. Себебі автордың сонау 1924 жылы жарияланған еңбегі мән-мағынасын, өзектілігін әлі күнге дейін сол қалпында сақтап отыр. Әсіресе мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер қаптаған қазіргі кезде күн тәртібінен түспейтін түйінді мәселеге айналды. Неге десеңіз, мектептер көбіне-көп дарындылар мен таланттыларды қолдау дегенді жалаулатып, мектеп бітіруші түлектерді халық шаруашылығына аса қажетті мамандықтарға, айталық өндіріске, егіншідиқандыққа, құрылысқа бейімдеу дегенді мүлде назардан тыс қалдырды. Осындай біржақтылықтан жастар заңгерлікке, экономист болуға, әйтеуір саусақ ұшымен күн көруге болатын салаларға жаппай ұмтылады. Мал шаруашылығы дегеніңіз мүлде ешкімнің ойына да кіріп шықпайды. Ал біз төменде мысал ретінде ұсынылатын сараптамалық мақалада міне осы өткір мәселе өте орынды қозғалыпты. Автор 100 жыл бұрын-ақ болашақты дәл болжай біліпті. Оқып көріңіз.

«АҒАРТУ ЖАБДЫҒЫ
Шымкент уезінде оқу жайы

Өткен 1923-1924-ші оқу жылдарында үйезде 3 жерде барлығы 300 балалық қазақ интернаттары ғана оқытып шықты. Бұл үшеуінен басқа, қалың ел арасында қатынап оқитын хүкімет қарамағында ешбір мектеп болған жоқ. Қазақ ауылдарында әлі де болса, баяғы қалып, баяғы салты бойынша ескіше ежікпен парсы кітаптарын оқытып жатыр. Биылғы жылда өткен жылдан артық мектеп саны көбейтілмейтін түрі бар.

Мектеп санын көбейтуге дайындалған оқытушылар да жоқ.

Өткен жылғы осы үш мектепке деп, халықтың өз ықтиярымен қылған договорлары бойынша жинаған бидай – болыстағы қазақ жемқорларынан артылмай, кім болса соның аузында таланып кетіп отыр. Елден келген документке қарағанда, кей жерде бір ауыл бастығының қара басы 300 пұтқа дейін мектеп бидайын жеп қойған.

Мұның ізіне түсіп, уақытымен өндіріп, бір қолға жинап алып, тиісті жеріне жұмсайтын ағарту бөлімі де көрінбейді.

Үш жылдан бері қарай, соғылып бітпей, кем жатқан Абай мектебінің үйі сыртқы ағарту жұмысынан басқа жұмыстарының бәрі де істеліп біткен.

Көп күшімен үш жылғы еңбекпен біткен бұл мектептің үйі Түркістандағы қазақ халқының ішінде ағарту үйлерінің біріншісі деп саналуға тиіс.

Биыл күзден 200 қазақ баласын жатқызып, оқытып, тәрбие қылуға Абай мектебі дайын болып тұр. Бірақ, бұл 200 балалық осы үйдегі мектеп қай түрде һәм қандай адамдар жетістіруін білуі керек деген мәселе ешкімнің де ойына кіріп шыққан жоқ.

Біздің айтуымызша, бұл мектепті 200 балалық қылып ашып, «Ауыл шаруашылығы» мектебі қылу керек-ау дейміз. Өйткені мектептің өзіне қарасты 15 десятина бау-бақша һәм 15 десятина егістік жақсы жері бар.

Осы күнге дейін қазақ ауылдарында жүріп жатқан ескі мектептерді жоғалтып, оның орнына ел арасында бастауыш ауыл мектептерін ашу керек. Бұл ашылатын ауыл мектептерінің қаражатын хүкімет бере алмаса, мектеп ашатұғын сол ауыл халқына жүктеу керек.

Бұл ашылатын ауыл мектептерінің 1919-1920-шы жылдардағы қысқа уақытты оқытушылар курстарынан шыққан қазақ азаматтарын жинап алып, дайындап, хүкімет, яки халық тарапынан олардың айлық майаналарын жетімді қылып, беріп тұру керек.

Сондай болғанда, үйездегі бірнеше 10 мыңдап келетұғын оқымаған қазақ елін 2-3 интернатпен оқу, жазу, жазу білгізуге ешбір мүмкін емес.

Елемес Жәрменұлы.
«Ақ жол» №467
Сәрсенбі, 6 август
1924 жыл».

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары байларды кәмпескелеу, қожа-молдаларды құдалау жүріп жатқаны көпке мәлім. Сол солақай науқанда Абай ұрпақтарының Оңтүстікке жер аударылғаны да тарихтан белгілі. Шолақ белсенділер ұлы ақынның шығармашылығын да, туысқан-бауырларын да біржола жойып жіберуді мықтап қолға алған тұста айналайын Оңтүстік жұртының ерекше әрі үлкен мектеп ашып, Абай атын ұлықтауы, Түркістандағы бірінші білім ұясын «Абай мектебі» деп атауы біраз жайлардан хабар беріп тұр емес пе.

Е. Жәрменов түрлі тақырыптарда жазған мақалаларында оқу, тәрбие және мектеп жайына соқпай кетуі өте сирек. Ағарту мәселесі оның күндіз-түні есінен шықпайтын сияқты. Сонау 1918 жылы «Бірлік туы» газетінде жарияланған Түркістанда өткізілген әдебиет кеші туралы мақаласында да өз ойын былай қорытындылайды:

«Осы күнде январдың аяғына таман Шымкентте де әдебиет кешін қою үшін әзірленіп жатырмыз. Егер жақсы шықса, Ташкентке апарып қоямыз. Қазірше «Игілік тобының» істеген ісі: Шымкентте «Алаш» деп ат қойып, бір кітапхана ашып, орысша, мұсылманша газета, журнал, кітаптар жаздырдық. Ақшамыз жеткендей болса, қазақ тілінде бір бастауыш мектеп ашуға талаптанамыз».

Бір нәрсені айта кеткен жөн деп ойлаймыз. Ағарту жолындағы қозғалыста Жәрменов, әрине, жалғыз емес-ті. Сондай елі үшін ерінбей еңбек еткен азаматтардың бірі Нұғман Сәрсенбайұлы 25 жасында қайғылы қазаға ұшыраған екен. Соған байланысты «Ақ жол» газетінде жарияланған көңіл айтуға марқұмның бір топ жолдастары қол қойыпты. Солардың бірі – Е. Жәрменов. Көңіл айтуда марқұм ағартушы Н. Сәрсенбайұлының жиі айтып жүретін бір шумақ өлеңін келтіріп, осы өлең оның мінезін, талабын ашып көрсететінін еске салыпты. Өлең мынадай:

Ай, жаным, сен де, мен де
аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға
өмір шолақ.
Отқа жан, оққа байлан,
әрекет қыл,
Киген тәж, мінген тағың
болсын сол-ақ.

Дәл осы шумақ Елемес Жәрменовтің де болмысын танытып, тағдыр жолын тайға таңба басқандай көрсетіп тұр емес пе. Айтары жоқ, дәл солай.

3. Жаушы-жаушаптылардың бүкілодақтық социалистік жарысы

Ескіні жамап-жөндегеннің есі кетеді. Осы сөзді тарихшыларымызға қарата айтуға әбден болатындай. Қызыл империяның қыпқызыл жалындай аспанға шапшыған итжанды идеологиясы ә дегеннен-ақ қазақ зиялыларының қадамын аштырмай, жолын кесіп отырды. Қазақ тарихы туралы шынайы кітап жазған Санжар Асфендияровтан бастап, ұлттың бір шоғыр зиялы қауымы не ату жазасына кесіліп, не көп жылға итжеккенге айдалып кетіп жатты. Тағы бір шоғыры құдалауға ұшырап, азып-тозып кетті. Осы ғана ма, Кремль шындықты айтуға ұмтылған ғалымдарды, жазушылар мен интеллигенция өкілдерін бесігінде тұншықтырып отырды. Соның салдарынан ұлан-байтақ даланы мекендеп, талай ғасыр дүние жүзін дүбірлеткен халықтың тарихы пышақ жүзіндей кітапшаға қамалды. Еліміз егемендік алған соң жағдай күрт өзгерді, әрине. Алайда көп жылдар бойы сірескен мұзды жібіту, қатып-қалыптасқан қасаң пікірді өзгерту оңайға түспейтіні белгілі. Қазақстан тарихшылары отыз жылғы егемендікте құлашты кеңге сілтеді-ақ. Дегенмен Шымкент, Түркістан сынды тарихы қабат-қабат, қатпар-қатпар аймақтың өзіне лайықты шежіре-сыры әлі толық, тиісті көлемде, жан-жақты әрі терең қамтылып жазыла қойған жоқ. Оған енді кедергі жоқ, тек уақыт керек. Жаңа сипатты кадрлар өсіп-жетілуі тиіс. Бұл да бірер жылдың шаруасы емес-ау.

Социализмнің қайбір кезең-жылдарында «жылымық» дегендей еркіндеу уақыт та туындап тұрды. Сондай бір «құда да, құдағи да тыныш» маусымды тиімді пайдалана алған авторлар болды. Айталық,

ТАҒДЫРЛАР

ақын Олжас Сүлейменов. Оның «АЗ и Я» атты кітабы алып одақты дүр сілкіндірді. Ал оған дейін қолжазба күйіндегі шығарма біраз уақыт Қазақстан шенеуніктерінің рұқсатын ала алмай, баспада, тиісті саланың комитетінде жатып қалғаны бар. Ақырында республиканың сол тұстағы аса беделді басшысы, КПСС Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі Д.Қонаевтың араласуымен ғана кітап жарық көрді. Біз айтып отырған дүр сілкініс, әрине, осыдан кейін басталды. Ол жайдың баршасы бізге де мәлім еді. Алдымен Мәскеуде одақтың атақты ғалымдары бас қосып, кітапты авторымен қоса талқыға салды. Сын мен қаралау екі сағатқа созылды. Содан соң Сүлейменовке сөз тиеді. Сонда ол былай деген екен: Сіздер маған жабылып, мені екі сағат шешіндіріп, жалаңаштадыңыздар. Содан кейін киінуге бес минут қана уақыт беріп отырсыздар...

Ол жиында автор өзін толық ақтап ала алмағаны анық. Бірақ ешқандай сын ол еңбектің жолын кесе алмағаны тағы мәлім. Кітап тез сатылып, қолдан қолға өтіп, әлемді шарлап кетті. Еңбектің ерекшелігі неде еді? Ол ұзақ баяндауды қажет етер. Сондықтан кітаптағы ақынның бір шумақ өлеңін келтірейік. Олжастың бар айтпағы осы төрт жолға сыйып-ақ тұр. Ол мынау:

Великом Слове о полку,
Как буйная трава.
Вросли в славянские строки,
Кыпчакские слова.

Төтесінен қайырғанда қазақ ақыны орыстың көне жыры саналатын қазынасы «Слова о полку Игореве» кітабында қыпшақтың, қазақтың десе де қателігі жоқ, сөздерінің көптеп, әр жолда кездесіп отыратыны айтылады. Осының өзі кім-кімнен бұрын дамып, өркендеді; кім-кімге әсер етіп, алға жетеледі дегенді аңғартып тұр емес пе.

Аталған кітаптан кейін ақынға жұрт «Сіз неге тарихқа бармадыңыз?» дегендей сұрақты жиі қоя бастады. Бұған жауап ретінде айтылған сөз мынадай еді: Мен әнші де бола аламын. Бірақ қазақта жақсы әншілер жетерлік. Осыған керісінше тарихшыларымыз уақыт талабына сай жұмыс істей алмай келеді. Сондықтан менің тарих саласына бет бұруыма тура келді.

Жоғарыда айттық та, салада ұмтылыс, өзгеріс, жетістік көп. Алайда ескіні жамап-жасқау әлі де қолбайлау болып көп кедергі келтіруде. Әсіресе, бұл орайда, әлгіде аңғартып өткеніміздей, оңтүстік өлкесінде қағаз бетіне түспеген деректер, аңыздың қабығы мен уақыттың шаң-тозаңынан арылмаған оқиғалар, тасада қалған тағдырлар қаншама. Бүгін солардың бірі туралы сөз қозғап отырған жайымыз бар.

Мақаланың тақырыбы айқайлап тұр: Қиямет-қайым жолын таңдаған ер Елемес! Бұлай деуіміз тегіннен тегін емес-ті. Себебі оны қаралау, «халық жауы» етіп көрсету мәселесі жаппай қуғын-сүргін науқаны басталған 1937 жылдан көп бұрын, 1926 жылы көтерілген екен. Содан табаны күректей 11 жыл бойы Елемес Жәрменов қауіптің күн санап жақындап келе жатқанын сезсе де, шыбын жанын шүберекке түйіп, ел-жұртының ырыс-құты, бақытты болашағы үшін ақ-адал қызметін жалғастыра беріпті. Ара-арасында қылышын сүйреткен ажал тым жақын қалғанда із жасырып та көрген: қызмет ауыстырған, бір аймақтан екінші аймаққа ауысқан, тіпті қырғыз асқан, саясаттан былайырақ жер ғой деген шығар, орман шаруашылығы саласына ауысып та кеткен... Аңдыған жау алмай қоя ма? Ұзаққа созылған ол аңду қашан, қалай басталып еді? Соған тоқталайық.

Біз әдетте қуғын-сүргінді тұптура 1937 жылдан бастаймыз да, бар кінәні Сталиннің, қала берді Берияның, Ежовтың, т.б. мойнына арта саламыз. Содан кейін кезек «үштіктерге» келеді. Ара-арасында елдегі шолақ белсенділерге қарай саусақ шошайтуды да ұмытпаймыз. Шындығында...

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дейді қазекең. Осыны аз-маз (бұл орыстардың жиі қолданатын қазақша сөзі) редакциялап, «Өтіріктің көкесін «Правданы» оқығанда көресің» десек ше? Себебі...

Ай, айналайын, алтын басты, бауырмал жүректі ағалар-ай, көрмегендерің қалмапты-ау. Арпылдаған иттерін былай қойғанда, шындықты ту етіп алған деп, сеніп жүрген правдистер де жабыла қаралапты-ау сіздерді. Қуғын-сүргін отыз жетінші жылдан көп бұрын басталыпты. Оған басқа басқа, ақ қағазға аппақ шындықты ғана жариялауы тиіс «Правда» газеті де жауапты болуы керек екен. Осы пікірімізге бір нақты мысал келтірейік. Бұл дәлел Жәрменов Елемес көкемізге тікелей қатысты.


Цена отдельного номера в Москве, в провинции и на ст. жел. дор
Всесоюзная Коммунистическая Партия (больш.).
ПРАВДА
Орган Центральн. Ком. и Московск. ком. В. К. П. (б.).

Атақты басылымның 1926 жылғы 296-шы нөмірінде (сәрсенбі, 22 желтоқсан) «Госпожа склока» деген материал жарияланыпты. «Госпожасы» – ханым ғой. «Склокасы» – өсек-өтірік дегені. Осы екі сөз қосылғанда «Өсекші ханым» деген ұғым шығады. Автордың фельетон жазбақ ойы болғандай. Бірақ оған қажетті дерегі де, куәгерлері де жоқ. Тіпті сынап отырған адамдарының аты-жөнін де білмейді, нақты не кәнісі, қылмысы барынан да хабарсыз. Жағымсыз кейіпкерлер ретінде сыналып отырған «ахимбековшілдер» және «жәрменовшілдер» дегені кімдер, аты-жөндері қалай? Ол туралы ештеңе айта алмайды. Тек екі топ билік үшін таласып жүр дегенді мыжи береді. Басқасын былай қойғанда, мақаласымағына негіз етіп алған екі топтың қай өкілі қай жылдары Шымкент уезін басқарғанын да ажырата алмайды. Лағып сөйлейді. Шамасы, әлдебіреуден естіген өсекке май құйып, өзінше бір елді, алдымен билікті, әрине, елең еткізіп, ризашылыққа бөлейтін өткір сын жазуға тырысады. Алайда оған негіз етердей факті жоқ. Жоққа жүйрік жете ме, сыншысымақтың құрыс-тырысы да жазылмай, жоқты бар, барды бүлдіруден ары аса алмайды. Осындай шала-шарпы, түкке тұрғысыз өсек-аяңды басып отырған алып одақтың басты газетіне қарның ашады, оған не жорық деген ой келеді.

Аталған «Өсекші ханым» деген мақаладан бір-екі үзінді келтірейік (Осы орайда «Көкек өз атын өзі шақырады» деген сөз тіл ұшында тұрып алады):

«Отсталом уезде отсталого Казакстана же слишком заботятся о соблюдении известного декорума. Борьба групп и лиц не маскируется там «идейнымыи разногласиями». «Ахимбековцы» и «джарменовцы», нисколько не стесняясь, на глазах у всего честного народа, зубами вырывали друг у друга посты и должности, используя с этой целью самые разнообразные средства».

Көп мыжытпай тұрып осы екі сөйлемдегі екі қап өтірікті қоқысқа бір аудара төгіп тастайық.

«В отсталом уезде отсталого Казакстана...» дейді автор өзі бір жұмақта ма, коммунизмде ме, шалқып отырғандай көкіп. Ресейдегі жұрттың шекесі шылқып жүрген болса, неге 1880 жылдардан былай қарай жаппай осы «отсталый» уезге мың-мыңдап қоныс аудара бастады? Бұнда ішкі Ресейден көшіп келген кешегі қара шекпеннен басқа түгі жоқ переселендер айналасы төрт-бес жылда қоңданып, қоқиланып шыға келді емес пе. Арыс өзенінің бойында, Сайрам, Ленгір, Түлкібас аймақтарында орыс селолары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптағанын «Правда» білмейді-ау, шамасы. Газет көкімесіне бір ауыз жауап: Арыстың жағасында пайда болған Тамерлановское селосы тұрғындарының көзін ашуға Петербор-Ташкенттен 1908 жылы жоғары білімді дәрігер Гүлсім Асфендиярованың жіберілгенін правдистер қайдан білсін?!

«Борьба групп и лиц...» дейді мәскеулік басылым аузын толтырып. Жарайды. Солай екен. Ендеше солардың аты-жөнін, қызмет-мансабын, не бүлдіргенін, қандай қылмысы барын атап-атап көрсетпеймісің. Жалпы, байқаймын, «үштік» деген жалақор, бәлеқорлардың қаптауына кезінде, әуел баста парықсыз басылымдар бастамашы болғандай-ау.

Газеттің тағы бір кезекті шылғи өтірігі мынадай:

«До июня 1926 г. у власти стали «ахимбековцы», жестоко преследовавшие «джарменовскую» оппозицию... Когда же руководящие уездные деятели были за всякого рода грехи устранены от работы, соотношение сил радикально изменилось. Пришел и «джарменовщинам» черед повластвовать. Раньше их преследовали «ахимбековцы». Теперь они энергично принялись преследовать «ахимбековцев».

Газет тілшісі-өкілі өзінің не айтып, не жазып отырғанын білмейді. Жаңа ғана «борьба групп и лиц...» деп екі топтың арасында ымырасыз күрес жүріп жатыр дегенді дабыралатып, жарияға жар салған автор бір айналмай жатып, «Пришел и «джарменовцам» черед повластвовать» деген жайбарақат әңгімеге көшеді.

Кезек бір басқарушыдан екінші басқарушыға келсе, онда тұрған не бар? Мансап ешкімнің әкесінен қалған мұра емес қой. Мәскеу тарапында ауыс-түйіс деген болмайтындай... Ең бастысы «жәрменовшілдер» билік басына 1926 жылы, июньде келді дегені шындыққа мүлде жанаспайды. Елемес Жәрменов уезд бастығы болып 1924-25 жылдары қызмет еткен.

1926 жылы ол ел астанасы Қызылордадағы халыққа білім беру институтының директоры қызметінде еді. Сонда «Правданың» ойпікірлері, тұжырымы, сыны не болып шықты? «Қызыл тілде буын жоқ» деген сөз осындайдан туындаған болар? Бір сөзбен айтқанда, ұлан-байтақ алып елде «Жаптым жала, жақтым күйе» дейтіндей өрескел қозғалыс өршіп тұрғаны ғой. Бұның аяғы қандай қанды қырғынға апарып соқтырғаны баршаға белгілі.

Қызыл империяны, онсан ұлттарды езіп-жаншып отырған мемлекетті бір адам биледі. Ол қолына шексіз билеп-төстеу құқығын жинап алды. Оған қоса ұшы-қиыры жоқ, миллиондаған халқы бар елде сол пенденің ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс ету үшін дайын тұрған, тіпті көсем аузын ашпай тұрып-ақ дабылдата жүгіретін жандайшап-жендеттердің мыңдап саналғаны да белгілі болып отыр. Осының бәрі жинала келе адам тағдырын ойыншыққа айналдыруға апарып соқты. Әйтпесе Жәрменов қуғын-сүргін көретін жан ба еді?! Жоқ! Жоқ, әрине! Абайша қайырғанда бұл «қайнайды қаның» дейтін жағдай ғой.

Жаппай жазалау іс-әрекетіне халық өкілдерінің де атсалысуы отқа май құйғандай еді. Бұл билікке ұнады. Сөйтіп кешегі қарап жүре алмайтын бәлеқор-жалақорлар НКВД-ның қолдауымен «үштік» аталатын жалмауыздарға айналды. Олар айтақтаған сайын өршелене түсті. Осы пікірімізге бір айғақ келтірейік.

Сталиннің жеке басына табынудан туындаған отызыншы жылдардағы қуғын-сүргін өрті Оңтүстікті де шарпыды. Еш кінәсі жоқ мыңдаған адамдар: жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер жазықсыз жапа шекті.

Олардың бәріне де РСФСР Қылмыстық істер кодексінің 58 тармағының 2-4 бабы бойынша тұрғындар арасында Совет үкіметіне қарсы үгіт жүргізді, революцияға қарсы тыңшылық іске қатысты, Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясына жала жапты деген кінә артылды. Сондай-ақ жапон империализмін жақтаған деген айрықша қауіпті мемлекеттік қылмыстар тағылды. Оларды «ұлтшыл фашистер», «ұлтшылдар» деп атады.

«Халық жаулары» тізім бойынша жасалып, «үштіктің», сот органдарының, қылмыстық істер әскери трибуналының қарауына жіберілді. Үкім тізім бойынша шығарылып, жылдам орындалып жатты. Тағы бір сорақылығы – дербес республика саналатын Қазақстанда өмір сүріп, қызмет ететін азаматтар көрші РСФСР жазаға тартылды...

1938 жылы ақпан айында Шымкент қаласында КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының көшпелі сессиясы өтіп, оған дивизиялық әскери заңгер Горячев төрағалық етті. Сөйтіп 19 ақпанда 32 адам ең жоғары жазаға кесілді. 20 ақпанда 25 адам, 21 ақпанда 18 адам, бес күнде 75 адамға тізім бойынша ату жазасы белгіленді.

Жоғарғы органның, яғни НКВД-ның аудандық бөлімше бастықтарына жіберілген нұсқауының бір үлгісі:

«Халық комиссары Ежовтың директиваларын және Қазақ КСР НКВД-сының нұсқауын орындау үшін бұйырамын: екінші категорияға қосымша адамдарды тұтқындауға шұғыл кірісіңдер.

Барлығы 28 адам, оның ішінде ұлттық революцияға қарсы ұйымдардан 6, исламды жақтаушылардан 2, ақгвардияшыл шапқыншылардан 10, бай-кулактардан 5, троицкийшілдерден 5 адам тұтқындауға тиіссіз. Белгіленген операцияны тікелей өзіңіздің жауапкершілігіңізбен жүргізуіңіз, ешқандай тұтқындау жөніндегі рұқсатты күтпеңіз...

УНКВД бастығы Демидов».

Құжаттан көрініп тұрғандай, күдіктіні тұтқындау үшін прокурордың рұқсаты, келісімі қажет те болмаған. Нұсқау берілген соң, жау бар ма, жоқ па деп ойланбай-ақ, оны міндетті түрде табу керек. Егер жоспар артығымен орындалса, тіпті жақсы.

Тағы бір осы сияқты шектен шыққан құжатқа назар аударайық:

«НКВД-ның барлық бастықтарына Кеңес өкіметіне қарсы элементтерді айқындау операциясына орай үштіктердің 1937 жылғы 27 желтоқсанға дейін анықтап толтыру үшін сізге революцияға қарсы ең белсенді элементті тауып, құжаттарды шұғыл толтырып, көрсетілген мерзімді күтпей, істі шұғыл бізге жіберу міндеттеледі. Сұрау алу кезінде мойындатуға, әсіресе жазаланушының әлеуметтік жағдайына назар аудару керек. Егер сіздің өз қалауыңыз бойынша мәліметтерге түзету енгізу қажет болса, оны енгізіңіз және маған жіберіңіз.

НКВД облыстық басқармасының бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік капитаны Демидов».

Қысқасы халық жауларын жерден қаз, көрден қаз тауып, жазалау бойынша социалистік жарыс жүріп жатқандай. Кім жоспарды, оған қоса міндеттемені асыра орындаса, сол нағыз адал патриот болып есептеледі. Осындай жағдайда әр аудан, облыс белсенділік танытуға барын салды...

«Үштіктің» нұсқауымен соттылып, 1989 жылы істі қайта зерделеу барысында ақталған 576 коммунистің 58-і облыстық, қалалық, аудандық партия, кеңес органдарының басшылары болыпты. Олар-дың 36-сы ең қатал жазаға кесілген. Түптің түбінде жағдайдың осылай боларын алдын ала болжаған Е.Жәрменов бір жерде көп тұрақтамай, қауіп сезілген сәтте қызметін де, мекен-жайын да ауыстырып отырған сыңайлы. Бірақ аңдыған, сонау 1926 жылдан соңына шырақ алып түскен жау тыныш қоя ма? Ақыры 1937 жылғы 1 желтоқсанда Алматыда ұсталып, үштіктің қау-лысына сай ату жазасына кесіліп, үкім 3 желтоқсанда жүзеге асырылыпты.

Қандай жантүршігерлік заман болған. Сол кезде асыл ерлерді ақтауға, қорғауға мүмкіндік болмағаны анық. Бұған қатысты бірдеңе айту қиын. Ал енді сонау 1957 жылғы 29 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының шешімімен ақталған асыл ерді еңбегіне, ерлігіне, ұлтжандылығына, патриоттығына лайықты құрметтеу үшін кімнің, қай органның бұйрығы, шешімі керек? Әлде ресми органдар, билік тармақтары бәрін халықтың мойнына артып қойып, жайбарақат отыра бере ме?!

(Жалғасы бар).

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 775

ҒЫЛЫМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РОЛІ

ЕҰУ-де халықаралық форум аясында талқыланды

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Жасанды интелект: Ғылымның дамуы мен мемлекеттік саясаттағы рөлі» тақырыбында халықаралық форум өтті. Ауқымды іс-шара Цифрландыру және жасанды интеллект жылына, сондай-ақ университеттің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Форумның негізгі мақсаты – жасанды интеллект технологияларының ғылымды дамытудағы, мемлекеттік саясатты жетілдірудегі және қоғамдық басқарудың жаңа модельдерін қалыптастырудағы стратегиялық маңызын жан-жақты саралау.



Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі шетелдік мамандармен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-саяси тұлғаларымен бірлесіп ұйымдастырған форумды ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Шеглова ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Вице-министр өз сөзінде жасанды интеллектті нәтижелі қолдану үшін ең алдымен сапалы адами капитал қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Бұл бағытта білім беру жүйесін жаңарту, цифрлық дағдыларды ерте кезеңнен дамыту және ғылыми зерттеулерді қолдау айрықша маңызға ие екендігі айтылды. Сонымен бірге, мемлекеттік басқару үдерістерінде деректерге негізделген тәсілдерді енгізу ашықтық пен тиімділікті арттыруға ықпал ететініне назар аударылды.



Сонымен қатар, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Жасанды интеллект және цифрландыру жылы» деп жариялауы еліміздің технологиялық жаңғыруға бағытталған нақты қадамы екені ерекше атап өтілді. Осыған орай негізгі міндет – жасанды интеллект технологияларын отандық ғылыммен ұштастырып, оны нақты нәтижеге бағыттау, яғни азаматтардың игілігі үшін қызмет ететін тиімді шешімдер әзірлеу болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекет ғылым мен инновация саласын дамытуға ерекше көңіл бөліп, жүйелі шаралар жүзеге асыруда. Соның айқын дәлелі – Президент бастамасымен қолға алынған AI-сана бағдарламасы. Бұл жоба аясында жүздеген мың студент жасанды интеллект негіздерін меңгеріп, цифрлық қабілеттерін жетілдіруге және заманауи технологияларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алуда. Аталған бастама елдің адами капиталын нығайтып, жаңа буын мамандарын даярлауға серпін береді.

Айтулы іс-шараға ҚР Үкіметі өкілдері, Парламент депутаттары, «Amanat» партиясының мүшелері, сондай-ақ Оңтүстік Калифорния, Амстердам, Мәскеу, Валенсия және Кардифф университеттерінің жетекші профессорлары, отандық және шетелдік ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Форум барысында оған қатысушылар жасанды интеллект технологияларын ұлттық стратегияларға енгізу, мемлекеттік шешім қабылдау тетіктерін жетілдіру және деректерге негізделген басқару моделіне көшу мәселелерін жан-жақты талқылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект жүйелерінің ашықтығын қамтамасыз ету, этикалық нормаларды қалыптастыру және құқықтық базаны жетілдіру мәселелері де назардан тыс қалмады.

Жиын аясында AI governance, жасанды интеллекттің қауіпсіздігі мен этикасы, сондай-ақ цифрлық трансформация жағдайындағы мемлекеттік басқарудың жаңа тәсілдері кеңінен қарастырылды.

Форум барысында ЕҰУ-дың цифрландыру жөніндегі проректоры Гүлмира Бекманова жасанды интеллектті дамытуда халықаралық ынтымақтастықтың маңызын атап өтіп, әр елдің тәжірибе алмасуы ортақ мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретінін жеткізді.

Ал Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Директорлар кеңесінің төрағасы Дархан Мыңбай жасанды интеллекттің білім беру жүйесі мен мемлекеттік басқарудағы рөліне тоқталды. Оның пікірінше, қазіргі таңда жасанды интеллект тек технологиялық құрал ғана емес, сонымен қатар елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын стратегиялық ресурсқа айналып отыр. Сонымен бірге, бұл технологияларды енгізуде ұлттық мүдде, қауіпсіздік және этика мәселелері басты назарда болуы тиіс екені айтылды.

Ол өз сөзінде жасанды интеллект дәуірінде ғылым, білім және ұлттық даму мүдделері бұрынғыдан да тығыз байланысқа түскенін атап өтті. Осыған байланысты университеттердің стратегиялық рөлі мен зияткерлік жауапкершілігі арта түсуде. Бүгінгі академиялық білім беру жүйесі жаңа өзгерістер кезеңіне қадам басқан. Технологиялар қаншалықты дамығанымен, олардың құндылығын айқындайтын басты фактор – адами капитал екені ерекше айтылды.

Сонымен қатар, мұндай ауқымды форумның Еуразия ұлттық университетінде өткізілуі оқу орнында өзекті мәселелерді ғылыми деңгейде талқылай алатын интеллектуалдық ортаның қалыптасқанын көрсетеді. Халықаралық деңгейдегі маңызды тақырыптарды көтеріп, ғылым мен мемлекеттік саясаттың тоғысқан тұсын ашық көрсету – университеттің ғылыми әлеуетін және профессор-оқытушылар құрамының жауапкершілігін айқындайды.

Форумда халықаралық сарапшылар қатарында Оңтүстік Калифорния университетінің профессоры Генри Дженкинс, Амстердам университетінің профессоры Натали Хельбергер, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Наталья Клушина, сондай-ақ Валенсия, Сантьяго-де-Компостела және Кардифф университеттерінің зерттеушісі Эмилиано Трере онлайн форматта баяндама жасады.

Профессор Генри Дженкинс өз сөзінде жасанды интеллекттің қоғам мен медиакеңістіктегі ықпалына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, жасанды интеллект тек технологиялық құрал емес, ол ақпарат өндіру, тарату және тұтыну мәдениетін түбегейлі өзгертетін факторға айналып отыр. Осыған байланысты мемлекеттер мен академиялық орта бұл үдерісті бірлесе зерттеп, оның ықпалын тиімді басқаруы қажет. Әсіресе медиа сауаттылықты арттыру және алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету – қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Форумды ұйымдастыруда және шетелдік әріптестерімен тікелей жұмыс жүргізуда журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің профессоры Ұлбосын Есенбекованың ерекше еңбегін атап көрсетудің жөні бар.

Жалпы алғанда, халықаралық форум жасанды интеллекттің қоғам мен мемлекет дамуына әсерін айқындап, осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті. Форум қорытындысы бойынша академиялық ұтқырлықты дамыту және кадр даярлау саласында халықаралық әріптестікті нығайтуға бағытталған нақты жоспарлар қабылданды. Алқалы форумды ЕҰУ-нің журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры, белгілі қаламгер, ғалым Нұржан Қуантайұлы жүргізіп отырды.

Балжан АРИНОВА,
Халықаралық Журналистер Одағының мүшесі.
Астана қаласы



ТҮРКИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИ ҒЫЛЫМИ ІРГЕЛІ ЖИЫН

Ыстанбұлдағы Мимар Синан өнер университетінде қазақтың белгілі археологы, профессор Айман Досымбаеваның құрметіне арналған халықаралық ғылыми-мәдени құрылтай өтті. Аталмыш іс-шара Қазақстан Республикасының Ыстанбұлдағы Бас консулдығының қолдауымен, Түркі тарихы және мәдениеті қоры (TÜRKTAV) және Мимар Синан өнер университетінің Еуразия мәдениет және өнерді зерттеу орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Шара аясында «Дәуірлер үні: Айман Досымбаеваның Жайсан және Мерке археологиялық мұрасы» тақырыбындағы көрменің ашылуы өтті. Көрме Жайсан мен Мерке археологиялық нысандары арқылы ғалымның ғылыми еңбектерін, далалық зерттеулерін және түркі өркениетіне қосқан үлесін кеңінен таныстырды.

Жиында Мимар Синан өнер университетінің ректоры, профессор Ахмет Саджит Ачыкгёзоғлу, Қазақстан Республикасының Ыстанбұлдағы Бас консулы Нуриддин Аманқұл, Университеттің әдебиет факультеті деканы, профессор Ханифе Конджу, Түркі тарихы және мәдениеті қорының директоры, Қазақтың қайсар қызы Әсем Лақаева құттықтау сөз сөйледі.





Айман Досымбаева және Нұрболат Бөгенбайдың «Жайсан - Шу өзені түріктерінің киелі жері» атты түрік тіліндегі кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды. Түркияда кітаптың түрік тілінде жарыққа шығуына, сондай-ақ, осы шараны Түркия жерінде өткізуге тікелей атсалысқан Түркі тарихы және мәдениеті қорының директоры Әсем Лақаева демеушілік жасады. Түркі дүниесіндегі қажырлы істеріне, қамқоршылық танытқан қолдаулары үшін Әсел Лақаеваға алғыс білдіремін.

Панель отырысында профессор Ахмет Ташагыл, доктор Фетхи Ахмет Юксел, Түркі академиясының сарапшысы, доктор Нұрболат Бөгенбай және доктор Серхан Чынар баяндама жасады. Модератор қызметін доцент Озлем Октай Черезджи атқарды. Айман Досымбаеваның ғылыми мұрасы, түркі әлемінің археологиясы мен мәдени байланыстары жан-жақты талқыланды.

Аталған зерттеу Жайсан киелі кешеніндегі культтік құрылымдар, Қиям (Khiam) қамалы, сондай-ақ Шу мен Талас өзендерінің арасындағы қалалық мәдениетке тән монументалды ескерткіштер негізінде дайындалған. Зерттеу ортағасырлық түркі тайпалары мен Қазақ хандығы арасындағы мәдени сабақтастықты, қазақ халқының этникалық қалыптасу үдерісін және Қазақ хандығының тарихи-географиялық кеңістігін терең талдайды. Еңбекте тарихи деректер, топонимика және антропология салалары бойынша деректер салыстырмалы түрде сипатталған.

Университет ректоры Ахмет Саджит Ачыкгёзоғлу, Бас консул Нуриддин Аманқұл және TÜRKTAV директоры Әсем Лақаева естелік сыйлықтармен алмасты. Алғыс хаттар тапсырылды.

Иә, мұндай шара әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеушілерге, студенттерге және тарихқа қызығушылық танытатын көпшілік қауымға үлкен рухани серпін берді. Сонымен бірге профессор Айман Досымбаеваның бай ғылыми мұрасын ұлықтап, түркі археологиясы мен мәдени мұраны сақтау ісіне қосқан өлшеусіз үлесін тағы бір мәрте айқындады.

Мәдени-ғылыми жиынға Түркияның белгілі ғалым-профессорларымен қатар, Мимар Синан өнер университетінің тарих ғылымдары докторы Әбдуоқап Қара, Ыстанбұлдағы алғашқы Қазақ консулы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілі және Қорқыт Ата университетінің құрметті профессоры Ержан Уәйіс қатысты.

Ер УБАЙДИН,
«Әділеттің» Түркиядағы арнаулы тілшісі.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2025 жылдың 02 желтоқсанында қайтыс болған **Атамкулова Зулпия Есполгановнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 17 қарашасында қайтыс болған **Шиналиев Асулан Саулехановичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 23 қарашасында қайтыс болған **Аширбеков Таубайдан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 13 ақпанында қайтыс болған **Турлыбеков Жасулан Оралбековичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 20 шілдесінде қайтыс болған **Шукеева Айманнан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 28 наурызында қайтыс болған **Акулов Баглан Исакуловичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 30 қарашасында қайтыс болған **Кожахметов Хабибулладан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Исмаилов Анри Анварович**, дата смерти: 10 ноября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Новиков Николай Иванович**, дата смерти: 02 марта 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Равзутдинов Илсияр Миннихадиевич**, дата смерти: 18 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Скворцова Ольга Николаевна**, дата смерти: 01 июля 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Скворцов Владимир Петрович**, дата смерти: 16 июля 2017 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.